



ТҮЙТКІЛ

ҚЫЗЫЛЖАРДА



ҮШ ОТБАСЫ – БІР ҮЙДЕ

Теріскейден күнгейге көшіп барған жұрттың басында шешімін таппаған мәселе көп. «Баспана алып, жеке шаруашылықтарының рахатын көреміз» деп армандаған қарапайым тұрғындардың бір бөлігі қазіргі тұрмыстарына көңілі толмайды. Шенеуніктердің үйіп-төккен уәдесіне сеніп, туып-өскен ауылын тастап, ойланбастан теріскейге қоныс аударған ағайын үкілі үміттерін ақтамағандарға ашынып отыр. Бұрынғы тіршілігін жақсы өмірмен алмастырамыз дегендер, тіпті тұрақты жұмыс та таба алмай қалған. Көштің басын кері бұруға қаражат кемшін дегендей. Жергілікті әкім-қаралар болса, түйткілді шешудің орнына олардың кейбірін «жалқау, жатып ішер» деп кінәлайтын көрінеді.

Токаревка — Солтүстік Қазақстан облысының орталығынан 70 шақырым жерде орналасқан шағын ауыл. Жергілікті 126 адамның 27-сі оңтүстіктен көшіп келген. Мұнда мектеп жоқ. Балалар аудан орталығындағы интернатта жатып оқиды. Жұрт осыған да шүкір деседі. Әйтпесе, 2 үйді паналаған 3 отбасының сыймайтын түрі бар. Бұл туралы ауыл тұрғыны Тілек Төлепов былай дейді: «Үш отбасындағы 10 адам бір үйде тұрамыз. Баспана Сағиндықов деген азаматтың атында. Біз жұмыстан шығатын болсақ, бұл үйден де шығарып жібереді. Біздің атымызда үй жоқ. Бұл мәселені айта-айта шаршадым. Қойдым сосын...».

Тілек Төлеповтің отбасы картоп өсірген. Бірақ одан жарытып пайда көрмейті. Әйелі — сауыншы. Жазда сүт мол болған кездері 60 мың теңгеге дейін табыс тауып отырған. Қазір қолына тиетіні — айына 5 мың теңге. Қоныс аударғанда жана жерде тұрмысымыз оналар деп ойлағаны анық. Олай болмай шықты.

Тағы бір тұрғын Әзиз Көшербаевтың да айтары бар: «Халықты жинайды, түсініктеме жүргізеді. Бізде барлығы жақсы, біздің жаққа келініздер. Сіздерге

барлық жағдай жасалады. Өзіміз күтіп аламыз деген жылы сөз айтылады. Іс жүзінде бәрі басқаша».

Осы мәселеге қатысты түсініктеме берген Мамлют ауданы әкімінің орынбасары Алмагүл Рамазанова «Біз барлық жағдай жасауға тырысамыз. Мемлекеттің тиісті субсидиясы толық берілді. Олар әбден дайынға үйреніп алған. Жатып ішер деуге болады. Шынымды айтсам, өздері жәй жүрмей шу шығарып жүреді», — деп ақталды. Мұнысы ағайынның басындағы қиыншылықты бөлісу емес, айыптау көрінді.

Көші-қонға жауаптылар солтүстікке дәрігер, мұғалім, механизатор сияқты мамандығы бар азаматтарды шақыратынын айтады. Ал қоныс аударушылардың көбінің арнайы білімі жоқ. Мойнында несиесі бар. Сондықтан әр адамға 85 мың теңгеден берілген субсидияны бірден жұмсап қойыпты. Мемлекеттік бағдарлама бойынша теріскейге 3 жылда 2700 адам қоныс аударған. Енді жұрттың жағдайын саралаудан өткізіп, оларға тиісті көмек көрсетудің барысын қадағалағаны жөн-ау.

Айзат ТҰРҒЫНБЕКҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысы

дөп

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы — ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер. Жыл сайын осы саланы дамытуға қыруар қаржы бөлінеді. Мал басын көбейтіп, ет өнімін экспортқа шығаруға да қомақты қаржы жұмсалады. Әйтсе де ауыл шаруашылығында қордаланған мәселе азаймаған. Осы төңіректе ауыл шаруашылығы министрлігінің бұрынғы вице-министрі Төлеутай Рақымбеков пен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы сұхбаттасты.



55 КЕЛІ: КӨП ПЕ, АЗ БА?

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Төлеутай Сатайұлы, ауыл шаруашылығы саласының білікті маманысыз. Көп жылдар ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет істедіңіз. Сондықтан осы саладағы түйткілдер сізге жақсы таныс. «Ет дегенде бет бар ма?», «Қазақ қасқырдан да көп ет жейді» деп жатамыз. Жалпы, бүгінде етті тұтынуымыз қандай деңгейде? Расында да, әлемде етті көп жейтін ұлтпыз ба, әлде бұл жай әңгіме ме?

Төлеутай Рақымбеков: Елімізде осыдан 5 жыл бұрын бір жылда әр адам орта есеппен 45 келі ет жейтін. Бұл дегеніңіз — қойдың, сиырдың, жылқының, құстың еті. Ал ұлттық экономика министрлігіне қарасты статистика комитетінің ресми ақпаратына сүйенсек, қазір көрсеткіш 55 келіге жетіпті. Демек, соңғы 15 жылда 10 келі қостық. Бұл көп пе, аз ба? Бұл мәселеге екі жақтан қарауға болады. Біріншіден — 1983 жылы, Кеңес Одағы кезінде мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы қабылданды. Бұл 1990 жылға және 2000 жылға арналған бағдарлама болатын. Осы бағдарлама бойынша 1983 жылы адам басына 62 келі ет тұтынған. 1990 жылы көрсеткіш — 72 келіге, ал 2000 жылы 82 келіге жетуі керек болатын. Енді өздеріңіз салыстыра беріңіз — 45,55 және жанағы — 82 келі. Егер басқа мемлекеттермен салыстырсақ, мысалы, Аргентинада әр тұрғын жылына 87 келі ет жейді. Енді өзіңіз салыстыра беріңіз, Қазақстанда — 55 келі. Ол статистика бойынша өндірілген өнімнің есебі. Шын мәнінде, бірінші ондыққа кірсек те жаман емес.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Барлық тұтыну мүмкіндігіміз осы деп ойлайсыз ба, әлде қамтамасыз ету мүмкіндігіміз осы ма?

Төлеутай Рақымбеков: Бұның бәрінде екінші жағдай бар. Ол еттің бағасы.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұл ет қымбат деген сөз ғой...

Төлеутай Рақымбеков: Иә, ет қымбат. Халықтың бүгінгі жалақысы мен еттің бағасы сәйкес келмейді. Сондықтан біз ет пен сүтті 1991 жылға қарағанда әлдеқайда аз тұтынамыз.

(Жалғасы 4-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«ҚАРА АРХЕОЛОГИЯНЫҢ» ҚАСІРЕТІ



Қазіргі уақытта сақтар заманының қорғандарын тонаушылар да көбейіп кетті. Ол «қара археология» деп аталады. Бұл құбылыс 1990-жылдардағы аумалы-төкпелі

кезеңде, жұмыссыздық белең алған уақытта Ресейде, Қытайда, Қырғызстанда және басқа алыс-жақын елдерде басталды. Сөйтіп, қорғандарды тонауды күнкөріске айналдырды. Олардың арасында көрші елдерден келген келімсектер де бар. Осыны әдетке айналдырғандар бұл әрекеттерін әлі күнге жалғастырып келеді.

«Қара археологиямен» айналысатындардың қолында жердің астында құнды бұйымның бар-жоғын сканерлеп анықтайтын, металл іздегіш небір заманауи құрал-саймандары бар. Ондай құралдар біздің мамандарда да жоқ шығар.

Кең даланың бәрін күзетіп жүрген ешкім жоқ. Мысалы, Елеке сазы, Тарбағатай жақты алатын болсақ, қойшылар қысқа қарай малын айдап кеткен кезде трактор немесе басқа да ауыр техника-ларды әкеліп тұрып, ескерткіштердегі әшекейлерді қазып өкетеді екен. Бірақ солардың біреуінің қолына кісен салынып, сотталғанын көргеніміз жоқ. Бұрын да, қазір де солай. Өйткені олардың прокуратура, ішкі істер органдары сияқты барлық күш құрылымдарында өз адамы бар.

(Толығырақ 7-беттен оқыңыздар)

JAS QAZAQ KONFERENSIACY

БІЗ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНДІК!



(Бұл туралы 3-беттен оқыңыздар)

БҮГІНГІ САТИРА



Қақидым да қалдым!

(Тегін жатқан батпан құйрық туралы 8-бетте оқысыздар)

БИЛІК

Президент Жарлығымен 2019 жыл – «Жастар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Ұлы дала төсінде әлем мойындаған мемлекет құрылғалы бері дүниеге келген жастар орда бұзар отызға да жақындап қалды. Алды шетелдік университеттерде білім алып, бүгінде ел дамуына үлес қоса бастады. Қазір жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрі жастар үшін жасалуда десек, келешекте ел басқару тізгінін өз қолына алатын болады. Келешек жастардың қолында.



ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ

Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде Мемлекет басшысы «Есiлдiн жағасында еңселi Елордамыз – Астананы тұрғызып, тарихта бұрын-соңды болмаған зор жетiстiкке қол жеткiздiк. Жүзеге асырылып жатқан шаралардың бәрi егемен елiмiздiң болашағы – сiздер үшiн жасалып отыр. «Ауыл – ел бесiгi» жобасы аясында инфрақұрылымды дамытып, жергiлiктi жерлердiң кадрлық әлеуетiн күшейту керек. Осыған орай «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына енгiзiлетiн мамандықтардың тiзiмiн кеңейтудi

ұсынамын. Көшiп барғаны үшiн төленетiн жәрдемақы мөлшерiн 70-тен 100 айлық есептiк көрсеткiшке дейiн арттырған жөн. Сондай-ақ жастарды ауыл шаруашылығымен айналысуға қызықтыра білу қажет», – дедi. Президент жастардың өмiрге белсене араласып, бизнесте өз кәсiбiн дамытуға, тұрмыстарын түзеуiне жақсы жағдайлар жасалатындығын жеткiздi. Әсiресе қолжетiмдi және сапалы бiлiм алу, жұмыс табу, баспаналы болу және отбасын құру мүмкiндiктерi молаймақшы. Мәселен,

шетелде iссапарда жүрген жерiнен арнайы келiптi. Мәселен, Димаш Құдайберген Қытайдан оралыпты. Жер шарында миллиондаған тыңдаушысы, қолдаушысы бар әншi жiгiт Жастар жылында елiмiздiң өнерiн әлемге насихаттауды жалғастырмақ. Ал күсбегiлiк өнердi әлемге таныстырған бүркiтшi қыз Айшолпан Нұрғайыпқызы Елбасын Монғолиядағы қандастарымыздың ақ дастарханынан дәм татуға шақырды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ

1200

↓

азамат «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотека ала алмады

150

↓

астаналық тұрғын интернет алаяқтарына алданған

62

↓

адам Атырау облысында қызылша жұқтырған

300

↓

мың теңге қарызы үшін Қостанай тұрғыны қамауға алынды

5,4

↓

млн қазақстандық спортпен шұғылданады

1,5

↓

пара алған ақтөбелік мемлекеттік қызметкер сотталды

Аптаның айтары

Жақып АСАНОВ, Жоғарғы соттың төрағасы:

«Сот жүйесі мықты заңгерлерге мұқтаж. Сондықтан біз оларға жағдай жасап, жұмысқа тартуымыз керек. Қазіргі таңда Жоғары соттағы судья болу үшін маман аудандық, облыстық соттан өтуі керек. Оның 20 жылдық заңгерлік стажы болуы шарт. Әрине, ол орынды. Бірақ сол 20 жылдың 10 жылы сотта өтуі керек. Ал 10 жылдың кемінде 5 жылы облыстық сотта өтуі қажет, сондықтан біз білікті мамандар мен беделді ғалымдарға аталған кедергілерді алып тастауды ұсынып отырмыз».

Қайырбек ИСИН, Қызылағаш ауылының тұрғыны (Ақмола облысы):

«Біз суға ер ай сайын адам басына 430 теңгеден төлейміз. Мал ішсе де де ақша төлейміз. Бір ірі қараға – 226, қойға 56 теңгеден келеді. Тариф арзандайды деген. Бір ай өтіп кетті. Бір-біріне сілтейді. Сондықтан тарифтің арзандайтынына сенбейміз. Халық та сенбейді».

Қайыргелді МУСИН, «Бұрабай аудандық ТКШ» басшысы:

«Тариф бағасын түсіру бойынша жұмыс тобы құрылған. Негізі наурыздың соңына дейін судың бағасын түсіреміз деген ойдамыз. Әлі де құбырлардың техникалық жағдайын, судың сапасын, жұмсалатын шығын мен түсетін пайданы есептеу керек екен. Тариф содан кейін ғана өзгереді».

АНТИ

ЕЗ

Әлеумет.т⁰

Адам баласын қатыгездікпен әрі аяусыз қорлауды бұрын кинодан көзіміз шалып қалатын. Оның өзі шетелдің атыс-шабыс фильмдерінде болушы еді. Қазір сол экраннан көретін сүркейлі сурет ел ішін кезіп, бозөкпелер бұзылып бара жатқандай...

Әңгімеге оралайық. Күнгейде бір топ сотқар бозбала демде әлеуметтік желінің басбұзарларына айналып шыға келді. Олар ел аман — жұрт тынышта бірін-бірі аяусыз сабап, бірін-бірі қас дұшпандай қорлады. Жұрт осы жауыздықтың төркініне терең бара алмай, сырына жіп таға алмай әрі-сәрі күй кешіп отыр. Бесіктен белі шықпай қатыгездіктің ең ұшқары түріне барғандардың тірлігіне қарап, оларды бала ғой деудің өзі артық сияқты. Әлеуметтік желідегі жұрт әлгілерді «пәле» деп сынап, сыбап, тіпті ата-анасы мен ұстаздарына дейін жаза қолдану қажеттігін айтуда. Өйткені, 13-15 жас аралығындағы тентектер бір-біріне жай ғана жұдырық жұмсаған жоқ. Басынан теуіп жерге құлатты. Содан кейін құлап жатқан баланы басынан, бетінен теуіп, үстіне шығып, қос аяқтап «ойнақ» салады... Ондай сокқыдан бас жарылып, көз шықпауы мүмкін. Бірақ белі немесе қабырғасы сынып, жұлыны үзіліп кетсе ше? Қазақта «Бата тимей қата тиді» дейтін сөз бар. Әлгілердің әлімжеттігінен

тәрбиелеуде. Әлімжеттік бұрын да болған. Оны ешкім жоққа шығармайды. Әлеуметтік желіде пікір жазғандардың көбі «Бұрын балалар арасындағы мұндай текетірес жекпе-жекпен шешілетін. Шибөріше қаптап, аяусыз қорлайтындар мүлде болмаушы еді» дейді. Онысы рас. Әлсізге күштінің күш көрсетуін ақтап алуға болмайды. Алайда, дәл мынадай қорлау ертен сіз бен біздің баламызға жасалса, қалай ғана шыдап отырамыз? Сондықтан, мұның алдын алып, тамырына балта шапқан дұрыс-ау?!

Кейде бала тәрбиесінің бұлай бұзылуын қоғам болып өзіміз қолдан жасап отырған жоқпыз ба деген шалақ ой қылан береді. Мәселен, телеарналар күн сайын бірін-бірі атып-шауып кеткен адамдар арасындағы жауыздықты рейтинг үшін жар салып көрсетеді. Айғай-шу, аттаннан құлақ тұнады, көз сүрінеді. Ол аздай, балалар арасында болып қалған бірен-саран тентектікті тезге салу орнына, жарнама сияқты жарқ-жүрқ еткіземіз. Осының бәрі буыны қатпаған жастың ойын бұзады. Есесіне, ерлік, жақсылық жасаған балаларды көрсетіп, соларды әр үйде өсіп жатқан ұл-қызға үлгі қылсақ, бәлкім, дәл мына жағдай қайталамас па еді, кім білсін?! Біздікі өз ойымыз, жеке пікіріміз ғана.

БОЗӨКПЕЛЕР БҰЗЫЛДЫ

біреуі жазым болса, кім жауап береді? Өзіміз бала деп отырған әлгі бозөкпелердің аузынан шыққан боктықты айтсанызшы! Қайдан үйренгенін кім білсін, кісінің аузы бармайтын былапытты былш-былш еткізеді пәтшағрлар.

Мәселе әлімжеттікте емес. Әңгіменің өзегі — мектеп жасындағы балалардың жауыздығы мен аяусыздығында. Олар мұндай қатыгездікті қалай, қайдан үйреніп жүр? Бәрі отбасындағы тәрбиеден шығатын секілді. Бүгінгі балалар тәрбиені кинодан, қала берді ғаламтордан алып жатыр. Интернет деген пәленің ішінде не жоқ дейсіз? Онда әлімжеттіктің «әкесі» де, «көкесі» де жүр. Қатыгездік пен жауыздықтың америкалық, қытайлық, ресейлік үлгісі сияқты сан-мың түрі бар. Ақыл тоқтатпаған бозөкпелер соны көріп, содан тәлім алады. Қысқасы, біздің балаларды теледидар мен интернет

Белгілі заңгер, блогер Айгүл Орынбек фейсбуктегі жазбасында «Өркениетті дамыған елдердің қатарында болу үшін құқықтану пәнін, оқушыларға 5-сыныптан бастап оқытылу керек! Бала ненің дұрыс, ненің қылмыстық жауапкершілікке алып келетінін пән ретінде оқытылмай мектепте қылмыс тоқтамайды» — деп жазыпты. Ал интернетте түркістандық бұзақы балалардың әжесі жұрттан кешірім сұрап, жылап тұрған видеосы пайда болды. Оқиға соны осылай боларын, жазасыз қалмасын қатыгез қарадомалақтардың неге ертерек ойламағаны өкінішті. Айтпақшы, баланың қылығын емес, басбұзардың ісін жасағандар бай-ауқатты адамдардың балалары екен деген әңгіме де тарап жүр...

Жарас ШӨКЕ

Деп салды...

Сәкен ДІЛДАХМЕТ, АШМ орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің баспасөз хатшысы:

«2018 жылы киікті заңсыз ату бойынша 77 дерек тіркелді. 429 киіктің өлекесі және 501 киік мүйізі тәркіленді. Бұл — ресми дерек қана. Ал бұдан бөлек, қаншама киік мүйізі заңсыз түрде шекара асып, Қытай медицинасында қолдануда».

Келте қулық

Қызылжарда ерекше қылмыспен көзге түскен ұры ұсталды. Ол қаладағы кеңсенің бірінен қар тазалауға арналған күрек ұрлаған. Кеңсенің бейнебақылау камерасына түсіп қалған азаматты тәртіп сақшылары еп-септе ұстап алды. Ол мұндай ұрлыққа неге борғанын қинала отырып түсіндірді.

Ол дүкеннің ауласын қардан тазартып, оның иесінен «адал еңбекпен» ақша тапқысы келіпті. Шаруасы біткен соң, күректі басқа біреуге сатпақшы болған. Сол арада қаладағы дүкеннің бірінде әйел адамның әмиянын да жымқырып үлгерген. Күдікті кінәсін толық мойындап, өтірік болса да мұнайып отыр.

JAS QAZAQ KONFERENSIACY

E-mail: jas_qazaq@mail.ruwww.jasqazaq.kz

Jas qazaq конференциясының бүгінгі тақырыбы қазақ тілінің тағдырына арналып, шетелдік жастардың өз тіліне көрсетілетін құрметі төңірегінде өрбіді. Қонақтарымыз – Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің PhD докторы, қытайлық Шиэ Вин ниң, тағы да осы оқу орнының дайындық факультетінің студенттері – корейлық Шин Мин хи мен жапон Хидехару Оно, орыс жігіті, IT маманы Сергей Ахметов пен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенті, неміс қызы Мария Штрошер.

бітірдім. Ал қазақшаны кітап оқу арқылы үйрендім. «Абай жолы» романынан бастап қазақтың біраз кітабын тауыстым. Одан кейін Кенесары Қасымұлы туралы дерек оқып, қазақ тіліне қатты қызықтым. Тіл үйрену қатты қиын емес. «Қ», «ғ», «ң» деген дыбыстарды атау ғана қиындық тудырмаса? Қазақтың тойларында жиі болып, сөз сөйлегенді ұнатамын. Мәселен, тойларда сөз берілсе, «Көбісі жүр гастрольде, мен болайын басты рөлде» деп бастаймын. Негізгі IT маманымын. Қазақ тіліне үлесімізді қосайық деп, IT портал ашқанмын. Сол жерде жұмыс істейміз. Талдау-сараптау федерациясы бар. Соның президентімін. Жігіттермен бірігіп, қазақша контент ашуды қолға алдық. Себебі қазақ тілді орта аз. Ғаламторда қазақ тілді информация жоқтың қасы. Мәселен, мен Кенесарыны зерттегенде деректің бәрі Мәскеудің кітапханасынан орысша таптым. Қазақша жок.

Англияда Оксфорд университетін бітіргенмін. Ағылшын, орыс, қазақ тілінде еркін сөйлеймін. Мемлекеттік тілді білу азаматтық борышым. Қазақстанмен мақтанамын!

Jas qazaq: Өзге ұлттан бұрын әр қазақ осылай мақтануы, тілді меңгеруі тиіс. Өкінішке қарай, түйінді мәселе баршылық. Сергей, қазақ тілін үйрету үшін не істеу керек?

Сергей Ахметов: Кейде қазақша білмейтін адамды айыптап жатамыз. Алайда оның қазақ тілін білмеуінің себебі бар ғой. Соған мән бермейміз. Бәлкім, ол орыс тілді ортада өскен шығар. Мүмкін отбасылық тәрбиесі орысша болар. Ондайларға күштеп қазақша үйрете алмаймыз. Қазақша білмегені үшін мазактап жатамыз. Ол да дұрыс емес.

өмір жолын таңдауда. Мен 9 жасымнан бастап ағылшын тілін үйрендім. Ал сінлім 6 жасынан бастап ағылшын тілі курсына барды. Ал мектептерде ағылшын тілі күн сайын оқытылады. Қытайда барлық ханзу ұлты қытайша сөйлей алады. Бұл — міндетті. Туған тілін білмейтін қытай жок. Бірақ қытай тілі жүзге жуық жергілікті тілдерге бөлінеді. Ханзулардың арасында негізгі қытай тілін білмейтіндер кездеседі. Бірақ сирек. Негізгі қытай тілі дегенім — Бейжін диалектісі. Мысалы, мен қытайдың екі диалектісімен сөйлеймін. Менің ана тілім — туған жерім Хунән өлкесінің диалектісі. Кейін Гуанжоу диалектісін үйрендім. Бес жастан бастап Бейжін диалектісін үйрене бастадым. Алматыға келгенге дейін 7 жыл орыс тілін үйрендім. 13 жасымнан бастап жапон тілін оқыдым. Французшаға да қара жаяу емеспін. Жастардың өзге тілдерді тез әрі терең меңгеріп, өзге елдерде жұмыс істеуге ынтасы басым. Алайда қайда жүрсе де Отанын ұмытпайды, тілін сатпайды.

Мәселен, қазақ тілін білу маған неге керек болды? Қытайда қазақтар да тұрады. Болашақта қытай университеттерінде қазақ тілінен сабақ беру үшін мемлекет мені осында оқуға жіберді.

Jas qazaq: Иә, Отанынның патриоты болғанға ештеңе жетпейді ғой?!

Хидехару Оно: Жапон жастары сіздер ойлағандай, патриот емес. Бірақ осы мәселені басқа әдет, қасиет, дағдылар алмастырған. Мысалы, жастарда арақ ішу, бейәдеп сөз сөйлеу, әлеуметтік желіге әдепсіз бейнесюжет салу немесе жалқаулық сияқты жаман қасиет жок. Ал тіл туралы айтсақ, жапон тілін білмейтін жапон жок. Халқымыз өте еңбекқор, шыдамды. Өздері

келеді. Аударма мәселесінде, қазақшаны түсінікті тілде аударатын маман да кемшін. Бұл — үлкен мәселе.

Тіл түйткілі туралы тағы бір мәселені айтайын. Біз өз тілімізді өзіміз сыйламаймыз. Қазақ өзін-өзі сыйламаса, басқа ұлт қайтсін? Сосын қазақ екіге бөлінген: бірі — қазақша білмейтіндер, екіншісі — ауылдан келген орыс тілін білмейтіндер. Сол ауылдан қалаға келгендер, мұнда орысша сөйлесек, интеллигентпіз деп ойлайды. Орысша сөйлеуді «модаға» айналдырып алғанбыз. Содан кейін қазақша сөйлейтіндердің арасында жастар еліктейтін тұлға жок. Әлеуметтік желі орысша. Ал қазақшасы сауатсыз. Тілдің сүйкімін кетірдік. Сосын қазақша видеоконтент мүлде жок. Қазіргі бренд — YouTube. Бірақ сол YouTube-та қазақша контент жок. YouTube-та 300-дей орысша канал, он шақты ғана қазақша канал бар. Оның өзі қарабайыр.

Jas qazaq: Мария, осындай өзекті мәселелер оқулықтарда да бар ма?

Мария Штрошер: Мен есепші мамандығы бойынша оқимын. Бізде қазақша оқулық мүлде жок. Оқытушыларымыздың өзі интернеттен орысша материал тауып, дайындала беріндер деп тапсырады. Санаулы қазақша оқулықтардың тілі ауыр. Оны түсіну үшін не аудармашы болуың керек, не қолыңда қазақ тілінің сөздігі болуы шарт.

Неміс ұлтының қызы болғанмен, ана тілімді енді ғана үйреніп жатырмын. Әдетте көшеде, аялдамада басқалар маған орысша сөйлейді. Ал мен қазақша жауап берсем, бәрі таңқалады. Сабақ беретін апайларым да орысша сөйлеп, менің қазақшама таң-тамаша болған.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БЕС АЙДА ҮЙРЕНДІ



Jas qazaq: Шиэ Вин ниң, сіз біздің елге оқуға келерде «қазақ тілін білмеймін, жана ортаға үйренгенше қалай болар екен?» деп қорыққан жоқсың ба?

Шиэ Вин ниң: Жок, жергілікті жұрт орысша жақсы сөйлейді деген сон, соншалықты қатты толқыған жоқпын. Үйренген алғашқы тілім — орыс тілі. Қазақстанда орысша білген адам өмір сүре алатындығына сендім. Осында келіп, қазақ тілін тез арада меңгеруіме себеп болған жағдай, біраз жылдан бері зерттеп жүрген тақырыбыма да байланысты болды. Мен жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын зерттеумен шұғылданамын. ҚазҰУ-дың дайындық бөліміне оқуға түсіп, сабақ кезінде түсінбеген сөздерімді орысша сұрадым. Бірақ мұғалімдер «Бұл — қазақ тілі сабағы. Орысша сөйлеменіз» деп ескертіп отырды. Сабақ кезінде міндетті түрде қазақша сөйлеу керек болды. Қазір қазақтардан кем сөйлемеймін. Бұл үшін ұстаздарыма рахмет айтамын.

Jas qazaq: Шин Мин хи, сен Кореядан келіпсің. Өз еліңде корей тілін білу міндетті ме, қазақша үйрену қиын болған жоқ па?

Шин Мин хи: Кореяда кез келген ұлт өкілінің корей тілін білуі міндетті. Тіпті шетелден келетін қара жұмысшылардан да корей тілін білу талап етіледі. Мысалы, қазақтар Кореяға барса, біздің тілді тез үйренеді. Себебі корей тілі мен қазақ тілінде грамматикалық жақындық бар. Сондықтан Қазақстанға келу туралы шешім қабылдағанда аса қорқа қойған жоқпын.

Қазақ тілін үйрететін орталықтар аз деп естідім. Достарымнан ғана Қазақстан туралы сұрап, біраз мәлімет білдім. Бір жарым жылдан бері дайындық факультетінде оқып жатырмын. Болашақта қандай мамандық тандайтынымды шешкен жоқпын. Бұрын Кореяда қытай тілі мамандығын бітіргенмін. Енді қазақ тілін үйренсем, өз еліме барып, жұмыс істеймін. Қазақстанның мемлекеттік тілі менің қызметім де пайдасын тигізетіндігіне сенімдімін.

Jas qazaq: Сұхбатымызды Хидехару Оно-мен жалғастырсaq. Бізге жапондар ұлтжанды, тәртіпті халық ретінде белгілі. Тіл мәселесінде де осындай тәртіп бар ма?

Хидехару Оно: Жапонияда 100 пайыз жапон ұлты тұрады. Сондықтан балабақшада да, мектепте де тек жапон тілінде сабақ беріледі. Мен 13 жасымда ғана ағылшын тілін оқыдым. Ал қазір 10 жастан бастап мектептерде шет тілі оқытылады.

Негізгі мамандығым — парсы тілі. Жапонияда осы тілді оқыдым. Ал қазақ тілін үйрену себебім, осы тілде парсылардан енген сөздер кездеседі. Сол жағын терең үйренгім келді. Қазақ тілін білу қажеттіліктен туындады. Бес айдан бері адамдармен сөйлесе алатын жағдайға жеттім.

Jas qazaq: Бәрекелді! Ендігі сөзді Сергейге берейік. Секе, сен өз еліміздің азаматысың. Алайда туған жерінде жүріп те мемлекеттік тілді білмейтіндер, білгісі келмейтіндер көп. Тіл үйренуге сені ешкім де қыстамаған болар?

Сергей Ахметов: Мен Талдықорғанның тумасымын. Ұлым — орыс. Бойымда он шақты ұлттың қаны бар десем де болады. Орыс мектебін

Менің түсінігімде, тілді үйрену үшін адам алдымен өзі өзгеруі керек. Біреуге ақыл айтатындай, денгейге жетсін. Тағы бір мәселе — біз патриоттық сезім дегенді түсіне алмай жүрген сияқтымыз. Басқа ұлт өкілі қазақша сөйлесе, оны патриот деп төбемізге көтереміз. Бір ауыз сөз үшін патриот бола қалуды қалай түсінуге болады? Ол — патриот емес. Мысалы, мен өзімді патриотпын деп айта алмаймын. Ол үшін үлкен іс тындыруымыз керек. Бағасын халық береді.

Jas qazaq: Сонда да бүгіннен бастап сені Отанымыздың патриоты деп есептейміз. Ал енді Марияға сөз берейік. Мария, сенің ұлтың неміс деп естідік...

Мария Штрошер: Иә, менің ұлтым неміс. Нағашыларым қазақ. Алматының іргесіндегі Қаскелен қаласында туып-өстім. Сондықтан бала күнінен қазақы тәрбиемен сусындадым. Қазақтардың ортасында болып, қазақша мектепке



барып, колледжді қазақ тілінде бітірдім. Қазір де қазақ тобында оқимын. Домбыра тарта аламын. Анам әдеггі болуды үйретті. Осының барлығы ак пен қараны айыра білуге дағдыландырды. Мәселен, әлеуметтік желіде қазақ қыздарының ашық-шашық киініп суретке түскенін, ұлттық менталитетке жат әдет-қылқ көрсеткеніне ішім ашиды. Бір басқа елдерде өз ұлтын маскаралағанымен бірдей. Әрбір қазақ қызы өзінің ана тілін білуі керек. Өз елінің тарихынан хабары болғаны дұрыс. Үйінде де қазақша тәрбие алғаны жөн. Кейбір жақсы отбасылар үйлерінде орысша сөйлеседі. Мұндайды құптамаймын. Қазақ боп туған соң үйде де, түзде де қазақша сөйлесуі керек. Бұл болашақ аналардың абыройлы міндеті.

Jas qazaq: Мына бір жағдай еріксіз есіме түсіп отыр. Шиэ Вин ниң, қазір Қытай жастары ағылшын тілін жаппай үйреніп, шетелдерге кетуге ынтық көрінеді. Екі миллиарда жуық халық сөйлейтін тілмен өмір сүру қиын ба?

Шиэ Вин Ниң: Мәселе екі миллиард халық сөйлейтін тілде емес, мәселе қызығушылықта,

жұмыс істейтін компания немесе серіктестікті жақсы көрмесе де, жұмысқа деген жауапкершілігі өте мықты. Мұның бір себебі — Жапонияда бәрі қымбат. Өмір сүру үшін күнде жұмыс істеу керек. Сондықтан жастардың бойына еңбекқорлық қасиет әбден сіңген.

Жапон әдебиеті ерекше дамыған. Алайда Отанға, жапон тіліне, ұлтқа арналған өлең, ән-жыр, әңгіме аз. Қайта қазақтарда Отан, ана тілі туралы өлең, ән көп екен. Осы жағы мені қуантты.

Jas qazaq: Бәрінен қызығы, мемлекетте тілдің дамуында кедергінің жоқтығында ғой...

Шин Мин хи: Осы жерде корей тілі туралы бір ауыз сөз қоса кетейін. Кореяда туған кез келген азамат ана тілін жақсы біледі. Түрлі жағдаймен шетелде туып, шетелде өскен корей ұлтының өкілі ғана ана тіліне шорқақ болуы мүмкін. Мәселен, Америкада туған, сонда

Шиэ Вин ниң: Қытай халқында ханзу тілін үйрететін дәстүрлі ереже қалыптасқан. Мәселен, тілі жана шығып, енді-енді сөйлеп жүрген балаға тақпақ жаттады. Қазір телеарналарда сондай бағдарламалар бар. Яғни тақпақ жаттаудан жарыс өткізеді. Ол өлеңдер жүз жыл бұрынғы емес, осыдан мың жыл бұрынғы көне жауһар жырлар. Осындай бір бастама сіздерге де керек шығар.

Бүкіл Қытай Бейжін диалектісімен сөйлесе, Хунән, Сычуән, Шанхай диалектері жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан отбасында жергілікті диалектімен сөйлеген дұрыс. Бұл мысалды қазаққа да қаратып айтуға болады. Үйде, туыс-туғанның арасында қазақша сөйлесе, қазақ тілі өлмейді. Дегенмен, қазақтардың орысша білгені кемшілік емес. Бұл — үлкен артықшылық.

Jas qazaq: Әлемде жапондар аз ұлт қатарына жатпайды. Дегенмен, олардың отандық тауары секілді жер шарына ана тілін неге тарата алмай отыр?

Хидехару Оно: Жапонияда тіл мәселесі болмағанымен, жастардың кешігіп отау құруы үлкен мәселеге айналған. Жапондықтардың көбі 40 жастан асқанда үйленеді. Ажырасу да аз емес. Көптеген елдерде жапон тілі оқытылады. Ол — мемлекеттің саясаты, жұмысы. Ал тауарлары бәсекеге мәңгілік төтеп береді.

Шин Мин хи: Қазақстанда кино орыс тілінде түсіріледі екен. Осыны естіп таңалдым. Ал Кореяда шетелден әртис шақырып, басқа тілде кино түсірмейді. Кореяда жергілікті диалекті деген болмайды. Екі Кореяда да бір ғана тіл — корей тілі бар. Соңғы жылдары ғана ағылшын тілін бірінші сыныптан оқыту қолға алынды. Ал өзім 15 жасымнан, яғни 7-сыныптан бастап ағылшында оқи бастадым.

Jas qazaq: Біз жоғарыда айтқандай, отансүйгіштіктің тамаша үлгісі осы болар. Сергей, сенін әріптестерің тіл туралы не ойлайды?

Сергей Ахметов: IT саласын қазақшаландырайық деген ойымды қасымдағы жігіттерге айтқанда, олар «Қазақша оқулық жок. Термин де қазақшаланбаған. Жалпы қазақ тілін меңгеру туралы талап та жок. Оны қалай қазақшалайсың?» деп өзіме қарсы сұрақ қойды. «Отан — отбасынан басталады» деген сөз бар. Бұл рас әнгіме. Әжем орыс тілі әдебиетінің мұғалімі болды. Отанды сүю туралы көп әңгіме айтатын. Атам «Қазақстанды шығыс-батыс, онтүстік-солтүстік деп бөлудің қажеті жок. Бұл тұтастай Отан деп аталады. Отанды сүюің керек» деп айтатын. Сол тәрбиенің арқасында қазақ тіліне деген қызығушылық пайда болды. Мен қазақша сөйлеп елім, араласатын достарым да қазақша сөйлей бастады. Әдетте қазақша сөйлей алмайтын адамды кекетіп-мұқатпау керек. Қайта шабыттандырған дұрыс.

Jas qazaq: Сергей, болашақ жарың амалсыздан қазақша үйренетін секілді ғой...

Сергей Ахметов: Қазір бойдақпын. Жуырда үйленсем деген жоспарым бар. Қалыңдығым — қазақ қызы. Орыс қыздармен отасу маған өте қиын...

Конференцияны жүргізгендер
Жолдасбек ДУАНАБАЙ,
Жарас КЕМЕЛЖАН



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



(Басы 1-бетте)

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Ептеп жылжып, еттің бағасына да жеттік қой... Бір жазбанызда қазір ет өндірісіне бөлініп отырған мемлекеттің субсидиясы базардағы еттің бағасымен бірдей депсіз.

Төлеутай Рақымбеков: 20 пайыз жоғары.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Тіпті одан да жоғары. Бұл жерде етті фермер өндіреді. Сол үшін оған мемлекет ақша төлейді және ол өндірген етін апарып тұтынушыға тағы сатады. Сонда фермер екі жақтан да ақша алып отыр дейміз бе, бұны қалай түсінеміз?

Төлеутай Рақымбеков: Бұл сұрақты екіге бөліп қарастыру керек. Өйткені субсидияны кез келген

қожалықтары, ауыл тұрғындары мемлекеттік қолдаудан сырт қалып отыр. Мысалы, елімізде 1 миллион 647 мың отбасылық шаруашылық бар. Олар ауыл шаруашылық өнімдерінің 50 пайызын өндіреді: етті де, сүтті де, көкөністі де, жеміс-жидекті де. Тек майлы дақылдардың үлесі өте төмен. Жоктың қасы. Еттің — 70, сүттің 70 пайызын өндіреді. Ал оған шағын шаруашылықтарды қоссаңыз, онда көрсеткіш 90-95 пайызға барады. Өткен жылдың 1 қаңтарына қарағанда, ресми статистиканың мәліметіне сүйенсек, елімізде 15 770 заңды тұлға, 195 мыңға жуық шаруа қожалығы бар. Екеуін қоссақ, 210 мың болады. Сол 210 мың тауар өндірушінің ішінде 5 мыңға жуығы ғана субсидия мен арзандатылған несие алуға мүмкіндігі бар.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Өзгелер де алу үшін не істеу керек?

Төлеутай Рақымбеков: Менің ойымша, ауыл шаруашылық саласын күрделі түрде қайта құру керек. Көбісі ауыл шаруашылығы ірі екі саладан — мал шаруашылығы мен егіншілік шаруашылығы құрылады

түйенің саны 1991 жылға қарағанда едәуір артты. Сияр 6,5 миллион бас, кенес үкіметі кезінде 9,5 миллион бас болатын. Қой 35 миллион болатын, қазір — 18,5 миллион. 1997 жылы болу керек 9,5 миллион басқа түскенбіз. 35 миллионнан 9,5 миллион, яғни 4 есе азайған.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: 18 миллионнан сәл ғана асады дедіңіз бе?

Төлеутай Рақымбеков: 18 миллионнан асты.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жалпы, халық санымен пара-пар екен ғой. Адам басына бір-бір қойдан...

Төлеутай Рақымбеков: Мысалы, Аустралияда адам басына 6-7 қойдан келеді. Жаңа Зеландияда — 16-17. Біздің де осы көрсеткішке жетуге толық мүмкіндігіміз бар.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сонда не келергі?

Төлеутай Рақымбеков: Қой шаруашылығына толығымен көңіл бөлу керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бүгінде жастардың бәрі оқыған, көзі ашық, қалаға кеткен. Ауылға, жайлауға, қыстауға барып, жылдың төрт



300 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖАЛАҚЫҒА ҚОЙШЫ ТАБЫЛМАЙДЫ

фермер алмайды. Ол санаулы ғана ірі фермерлердің қолына тиетін ақша. Қыркүйек айында бекітілген ереже бойынша 1000 бастан көп мал бордақылау орталықтары ғана субсидия алатын болып қалды. Олардың саны еліміз бойынша санаулы ғана.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Субсидияның бағасы қанша?

Төлеутай Рақымбеков: Жалпы көлемі әр келіге 1500 теңгеге жуық. Ал базардағы кіріс бағасы — 1200-1250 теңге. 20 пайыз артық. Ал ауылда шаруа қожалығы етін сатса, ол жерден саудагерлер келіп келісін 800-1000 теңгеден алып кетеді. Одан 1,5, 2 есеге көп деуге болады. Субсидияның ғана көлемі. 1200-1300 теңгені бір қоя берейік. Мысалы, экспортқа шығатын халықаралық баға — 2 доллар, 700 теңге. 700 теңгені бір алады, 1500 теңгені бір алады. Сонымен 2200 теңге пайда көреді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Экспортқа шығарғаны үшін тағы да ала ма?

Төлеутай Рақымбеков: Мысалы, Ресейден сатып алған адам 700 теңге төлейді. Оның ішінде Қазақстаннан субсидия ретінде алғаны үшін 1500 теңге тағы алады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұл не қылған батпан құйрық, ай далада жатқан құйрық?...

Төлеутай Рақымбеков: Енді бір кездері Елбасының, қоғамның алдында уәде беріліп қалды да, соны қалай болса да орындау керек...

Екіншіден, осының арқасында көптеген шағын шаруа

деп ойлайды. Үшінші саласы бар. Оны көбісі ұмытып отыр. Ол — қызмет көрсету. Осы қызмет көрсету саласы дамыған елдерде 60 пайызды құрайды. Оны Елбасы да жиі айтады. Бізде қазір орта есеппен — 55 пайыз. Ол бұрыннан келе жатқан білім беру, денсаулық сақтау, көлік, сауданың бәрін қосқанда — 55 пайыз. Ал ауыл шаруашылығына келетін болсақ, қызмет көрсету саласы — 0,25 пайыз. Ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімі 4 трлн 100 млрд теңге. Соның ішінде 10 млрд теңге қызмет көрсету саласында. Одан кейін қайдағы экспорт туралы айтамыз? Біз ішкі жағдайда нарықтың ұстанымымен өнімді сата алмай отырмыз. Біз сұранысты ғана қамтамасыз етіп отырмыз. Бірақ дүкенге, базарға барсаңыз, өнім атаулы Қытайдан, Пәкістаннан, Польшадан, тағы басқа жатқан. Неге? Далада өсірілген өнім дүкенге неге жетпейді? Бұл инфрақұрылымның жетіспейтіндігінен.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мемлекет тарапынан үлкен бағдарламалар әзірленіп, ол етті мол беретін ірі кара өсіруге бағытталады. Осыдан қойға қатысты арнайы бағдарламаны көрмеппін, әлде мен білмеймін бе?

Төлеутай Рақымбеков: Жоктың қасы. Ірі кара мал өсіруге қарағанда, қой өсіру тиімді. Әрине, жылқымен де айналысу керек. Бірақ жылқы шаруашылығының өнімі ет пен қымыз ғана. Мысалы, ет пен қымыз тек ішкі нарықты ғана қамтамасыз ететін өнім. Қосымша айта кететін болсам, 2017-2018 жылы жылқы мен

мезгілінде көктеуге, күзеуге көшіп жүріп, кім мал бағады?

Төлеутай Рақымбеков: Кейбір ірі шаруа қожалықтарының басшылары бүгінде 300 мың теңге ұсынса да, қойшы табу қиын екенін айтады. Жолдастарым: «Бүгінгі күні қойшы тапқанша, әкім мен министр болатын адамды табу жеңіл» деп әзілдейтіні бар. Шынымен солай, 300 мың теңгеге ауылда қойшы табылмайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Азабы ауыр...

Төлеутай Рақымбеков: Әрине, азабы ауыр. Бұл жерде мемлекет пен кәсіпкерлер және үкіметтік емес ұйымдар біріге отырып, осы мәселеге ерекше көңіл бөлу керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Ірі кара шаруашылығына қандай мүмкіндіктер жасалғанын жана айттыңыз. Ат төбеліндей ғана мырзаларға емес, осы жағдайды ұсақ малға, қой шаруашылығына бөлетін болса, өркендеуі мүмкін бе?

Төлеутай Рақымбеков: Әрине. Ірі қараға қарағанда қой тез көбейеді. Мысалы, 4-5 жылдың ішінде қойдың санын көбейте аламыз. Ал ірі қараны біз жыл сайын 6 пайыздан көбейтіп, 10 жыл ішінде экспортта жоспарланған 70 мың тоннаға жеткізе аламыз дегенге мен сенбеймін. Ал қой шаруашылығынан 4-5 жылдың ішінде 200 мың тонна етті экспортқа шығаруға мүмкіншілік бар. Оның ішінде өзіміздің ішкі нарығымызды, өзіміздің азаматтарымызды толығымен қамтамасыз ете аламыз.

Бастау

Бизнесті жоспарлау бүгінгі күнмен шектелетін шаруа емес екенін білгенімізбен, біз негізгі шаруадан алыстамайық. Көз келген жұмыстың өзі бізді қанағаттандырғанымен, қосымша кәсіп істеуге әрқашан бейімбіз. Кәсіпкер болудың аса бір қиын шаруа емес екендігін түсінген адам оның локомотивіне айналады. Дегенмен, бір істің бастауына қарсы тұратын кедергілердің өзі адамды қиындыққа тірейтіні сөзсіз.

«DOING BUSINESS-TIŇ» БҮГІНІ

Елімізде кез келген бизнесті қаржыландыру қарастырылса да, халықтың бұл салаға ден қоюы бәсен. Өйткені бір шаруаны бастауда адамға «қай қызмет көбірек пайда әкеледі» деген ой келуі — қате. Мамандығымды

жанашылдық пен инновациялық шаруаларды іске асырсам дейді. Ең маңызды мәселелердің қатарында кәсіпкерлік қызметіне қолдау жасаудың, шағын және орта бизнесті дамытудың рөлі ерекше. Бүгінгі таңда елімізде экономиканы



өзгертіп, қаржы көп табатын салаға кетем деу — адамның өзін алдауы. Қызметтің өзі қоғамға қажетті адамды жасап бермейді. Мамандығы оған ләззат сыйламаса, оған мамандық емес, адамның өзі кінәлі. Жұмыс пенденің қайратты тұлға болуына үлкен жол ашады. Өзінің ішкі түйсігінде мына кәсіппен шұғылданамын деген адам, өзі таңдаған қызметке жан-төнімен кіріп кетеді. Осы жолмен жүріп келе жатқан кәсіп иелері бүгінде экономика және әлеуметтік жағынан өзіне де, өзгеге де пайдасын тигізіп жатыр.

Бизнесті жүргізіп кету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оның құзырына кіретін секторлармен қатар мемлекет талаптарын бұзбай сақтауы да шарт. Сондықтан кәсіптік сауаттылықты арттыратын арнайы мекемелер ел аумағында өз қызметін халыққа ұсынууда. Шағын бизнесті жүргізуші адамдар

қайта құру жолында оның негізі болып табылатын кәсіпкерлік қатынастарды дамытып, жандандыру — күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Кәсіпкерлікті дамыту — нарықтық экономиканы дамытудың кепілі. Сондықтан кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелер экономикадағы рөлінің аса маңыздылығын дәлелдейді. Ол Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Еліміздің экономикалық саясатының бірден-бір басымды бағыты кәсіпкерлік» деп атап өтілген. Сондықтан шағын бизнесті дамытуды басқару елімізде жүзеге асып жатқан саясаттың стратегиялық мәселесі болып табылады.

Мәлдір ЕСМАМБЕТОВА,
Алматы қаласы әділет департаментінің Әуезов ауданы бойынша аумақтық бөлімі филиалының сот орындаушысы

Мемлекетімізде шағын және орта бизнеске қолдау көрсететін бағдарлама ел игілігі үшін жасалынған. Президент бастамасымен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы көптеген кәсіпкерлерге өз кәсіптерін субсидиялауға мүмкіндік алды.

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Осының нәтижесінде көптеген шағын кәсіп иелері алғашқы жұмыстарын бастаған болатын. Бүгінгі таңда экономиканың дамуы бизнестің жоғары қарқын ала бастағанын байқатты. Бұл бағдарлама тиімді жақтарымен ғана емес, халыққа тұрақты жұмыс орындарын ұсынып, экономикалық дағдарыс кезеңінде бизнес субъектілерін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Әлемдік экономикада болып жатқан оқиғалар елімізді айналып өтсе де кері ықпалын байқатты. Мемлекеттің экономиканы қолдауы арқасында көптеген ұйымдар сауықтырылды.

Қалалар мен ауылдарға дейін кәсіпкерлік жолын бастаған шағын бизнес өкілдері ел ішінде алыпсатарлықтан бөлек, шетелдердегі шағын завод, фабрикадан алдыртатын халық тұтынатын тауарларды өндіре басталы. Кәсіпкерлер отандық тауарларды жоғарғы сапалы етіп, саудаға қолжетімді бағамен шығаруда. Ел экономикасының артуы саудадағы жетістік қана емес. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында атап көрсетілгендей, адам капиталының өсуінде болып отыр. Капиталдың өсуі — ел болашағының кемелдене бастауында. Елдің дамуы бұл — Қазақстанның болашағы.

Ләйлә АТАБАЕВА,
Алматы қаласы әділет департаментінің Әуезов ауданы бойынша аумақтық бөлімі филиалының басшысы, аға сот орындаушысы

ИНФОГРАФИКА

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АҚША АУДАРЫМЫ МЕН ТӨЛЕМДЕРІ

(2018 жылғы қаңтар-қараша)

ШТЕЛГЕ

2 322,1 млрд теңге (6,7 млрд доллар)

ОНЫҢ ІШІНДЕ (т)

777,1 млрд – өтеусіз аударым
767,5 млрд – тауар төлемі
340,5 млрд – банктегі өз жеке шоттары арасындағы аударым
187,2 млрд – көрсетілген қызмет үшін төлем

ЕЛДЕР БОЙЫНША (т)

РЕСЕЙ – **513,1 млрд**
 ТҮРКИЯ – **131,8 млрд**
 АҚШ – **130,3 млрд**
 ӨЗБЕКСТАН – **123 млрд**
 ШВЕЙЦАРИЯ – **100, 4 млрд**
 ҚЫТАЙ – **89,8 млрд**
 ҚЫРҒЫЗСТАН – **65 млрд**
 ГЕРМАНИЯ – **62,7 млрд**
 АНГЛИЯ – **61,7 млрд**
 БАӘ – **67 млрд**



ШТЕЛДЕН

637,507 млрд теңге (1,8 млрд доллар)

ОНЫҢ ІШІНДЕ (т)

368,8 млрд – өтеусіз аударым
71,4 млрд – банктегі өз жеке шоттары арасындағы аударым
45,9 млрд – бағалы қағаз сатып алу
17,9 млрд – көрсетілген қызмет үшін төлем
15,2 млрд – тауар төлемі
96,5 млрд – өзге төлемдер

ЕЛДЕР БОЙЫНША (т)

РЕСЕЙ – **211, 5 млрд**
 ШВЕЙЦАРИЯ – **58,7 млрд**
 СОЛТҮСТІК КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ – **53,9 млрд**
 АҚШ – **39,9 млрд**
 ЛЮКСЕМБУРГ – **32,1 млрд**
 ӨЗГЕ ЕЛДЕР – **241,4 млрд**

Дереккөзі: Қазақстан Ұлттық банкі

Мәселенің мәнісі

Аналарға төленетін әлеуметтік жәрдемақы – осы аптаның ең өзекті тақырыбына айналды. Өйткені Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова көпбалалы аналарға төленетін әлеуметтік жәрдемақының көптігін, басқа елдерде мұндай жағдай жасалмайтынын айтқан еді. Тіпті, ол «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері алатын қаражатты Ресейдегі «Отбасы» ана капиталымен салыстырғанды. Айта кеткен жөн, терістік көршіміздегі Новгород облысында 29 жастан асқан әйел бала туғанда ақша берілмейтін болды. Министрдің бұл пікірі қоғам тарапынан сынға ұшырап, әлеуметтік желіде жұрт біраз дүрлікті. Оның айтуынша, «Күміс алқа» мен «Алтын алқа» иегерлеріне берілетін өтемақы мемлекеттің ана мен балаға көрсетіп отырған көмегінің бір бөлігі ғана екен. Іле-шала Әбілқасымова өз сөзін қайта түсіндіріп, аналарға берілетін жәрдемақыны Ресейдегі «Отбасы» ана капиталымен салыстыру себебін былайша баяндапты:

«Мәселен, бірінші, екінші және үшінші бала дүниеге келгенде берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері – 95 950 теңге. Төртінші балаға – 159 075 теңге. Соңғы үш жылда жәрдемақы 38 пайызға өсті. Отбасыларды қолдау үшін 2018 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттен 41 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінді. Былтыр осы жәрдемақыны 395 мың адам алды. Бірінші баладан төртінші балаға дейін берілетін жәрдемақы орташа есеппен 14,5 мың теңгеден 20,5 мың теңгеге дейін

ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ



жәрдемақы. Оның мөлшері анасының соңғы бір жылдағы орташа табысына байланысты», — деді.

Министр жәрдемақының екінші түрі — бала бір жасқа толғанға дейін берілетін әлеуметтік қолдау екенін айтқан. 2018 жылы ұлттық қордан жәрдемақының осы екі түріне 165 миллиард теңге жұмсалыпты. 400 мыңға жуық ата-анаға көмек көрсетілген. Десе де, бұл жаналыққа көпбалалы аналар қуана қоймаған сияқты. Біз қызу талқыға түскен тақырып төнірегінде әлеуметтанушы маман мен көпбалалы анандан сұрап көрдік.

Айсұлу МОЛДАБЕКОВА,
әлеуметтанушы:



КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ КЕРЕК

Министрдің айтпақшы болғаны, халықты әлеуметтік төлемдерге байлап қою дұрыс емес деген ойдан туындаған болуы мүмкін? Мысалы, ауылды жерде әлеуметтік төлемге ғана қарап, күн көріп отырған отбасылар бар. Бірақ оған ата-аналар кінәлі емес. Ол еліміздегі экономикалық-әлеуметтік саясаттың тиімсіздігінің көрінісі. Әлі де болса халық әлеуметтік көмекке сүйенеді. Мәселен, балаға берілетін әлеуметтік төлемге, зейнетақыға сүйенеді. Яғни біз халыққа басқа жағдай жасап бере алмай отырмыз. Бір жағы бұл бала тууды көтермелейтін тетік. Сондықтан, дәл қазір біз әлеуметтік көмектерді алып тастау немесе аз төлеу дегеннен гөрі, халыққа дұрыс жағдай жасау, жұмыспен қамту, өмір сапасын жақсарту деген мәселелерді көтерген дұрыс деп ойлаймын. Сондай-ақ көпбалалы отбасыларды қолдаудың қаржылай емес, басқаша тетіктерін қарастырған жөн. Мысалы, Америкадағыдай салықтық жеңілдік жасалғаны жөн. Қоғамда көпбалалы аналардың мәртебесін арттыруымыз қажет. Бізде кейбір қалаларда ғана көше автобустарында көпбалалы аналарға тегін жүру қарастырылған. Асылы, көпбалалы аналарға

одан да басқа жеңілдіктер қарастырылғаны жөн болар еді. Ең жаманы — көпбалалы ана десе, біздің қоғамда алақан жайып көмек сұраған әйел бейнесі әлестейді. Бұл дұрыс емес. Бірақ бұл — біздің қоғамның ақиқаты. Сондықтан, мұның қаржылай да, қаржылай емес те тетіктерін қарастырған өте абзал деп ойлаймын.

Дания мен Финляндияда бала туылғанда «Аналық пакет» беріледі. Оның ішінде балаға қажетті киім-кешек, дәрі-дәрмектің бәрі бар. Бізде «Дәрі-дәрмек қорбашасын» беруді бастап еді. Кейін ол да тоқтап қалды. Скандинавия елдерінде бұл аз қамтылған немесе ауқатты отбасылар деп бөлінбейді. Бәріне бірдей осындай көмек көрсетіледі. Ресейдің өзінде «Ана капиталы» деген бар. Ол — 450 мың рубль көлеміндегі ақша.

Польша, Латвия сияқты елдерде жергек ақы жоғары төленеді. Мәселен, Польшада әрбір туған сәбиге 120 еуро төленеді. Латвияда бала санына байланысты 285 еуро төленеді. Одан бөлек, Латвияда ананың алатын әлеуметтік төлемі жалақысының 70 пайызын құрауы тиіс. Біз білетін Германияның өзінде ұрпақ мәселесі өзекті орында. Еуропадағы дамыған елдердің бәрінде әлеуметтік төлем жоғары қойылған. Төлем бала санына байланысты өсіп отырады. Францияда 3 бала туғанда — 274 еуро, 4 сәбиге — 428 еуро, бесінші балаға ай сайын 582 еуро төленеді. Ал Жапонияда 3 бала туғаннан бастап ай сайын 700 доллар төленеді.

Америкада мұндай төлем жоқ. Мүмкін, министр Мәдина Әбілқасымова АҚШ пен Қытайды, Үндістанды мысалға келтіріп отырған болуы керек? Американдық модель — либералдық модель. Яғни нарықтық басқа механизмдер қарастырылған. Ал Қытай мен Үндістанда халық саны көп. Сондықтан, әлеуметтік төлем болмайды. Біздің елде де әлеуметтік төлем саясаты жақсы жолға қойылған. Бірақ басқа елдерден озып кеттік деп айта алмаймыз.

Уағда ҚАНАЛИЕВА,
көпбалалы ана:

83 ТЕҢГЕГЕ НЕ АЛЫП БЕРЕМІН?



Көпбалалы ана ретінде еліміздегі ана мен баланы қорғау, демографиялық деңгейді арттыру мен ынталандыру үшін берілетін жәрдемақы көлемін айтып берейін. Мен — 5 баланың анасымын. Былтыр желтоқсанда дүниеге бесінші нәрестемді алып келдім. Оған дейін 4 баланың анасы ретінде ай сайын 10 мың теңге алып отырдым. Бұл жәрдемақы үлкен ұлым 18 жасқа толғанша төленетін ақша. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымованың соңғы мәлімдемесіне не күлерімді, не жыларымды білмедім. Оның сөзіне сенсек, ай сайынғы 16 мың теңге 4 балаға толық жетеді екен. Енді қарапайым арифметикалық тәсілмен есептеп көрейікші, сонда әлгі 16 мың теңге әр балаға айына 2501 теңгеден, яғни күніне 83 теңгеден айналады деген сөз. Министр ханым, бұл ақшаға балаға не өперуге болады, айтыңызшы?!

Мен баламарыма сапасы жақсы киімдер сатып аламын. Ал олардың бағасы сапасына қарай қымбат. Бір баламның аяқ киімінің өзі 15 - 20 мың теңге тұрады. Күнделікті ішетін тамағы, мектепке барып-келуі, ай сайын баратын қосымша үйірмелері бар. Уақыт талабынан, заман көшінен, ағымнан қалмау үшін мереке-мейрам кездері оларды қыдыртасын. Ал қыдыру үшін де қалтаң қалың болуы шарт. Енді биылдан бастап бесінші балама 21000 теңге тағайындалады екен. Бұл тек 1 жасқа дейін берілетін ақша. Сонда мен ай сайын 32 мың теңге алып отырады екенмін.

Даму

Мемлекетіміз әлем елдерінің көз алдында адам танымастай дамудың даңғыл жолына түсті. Бұндай кемел шешім шығаруға Елбасының болашақ жоспарларды бағамдай алуы негіз болып отыр. Қазақстан азаматтарының болашағы айқын. Бұдан шығар шешім экономикалық сауаттылық артты, жеке кәсіпкерлік дамыды. Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті өркендетуге көптеген қолайлы жағдайлар жасалуда. Кәсіпкерлердің өз жұмысын бастауына мемлекет, банк тарапынан жағдай жасалып, тегін заң қызметін алуға мүмкіндік бар.

Кәсіпкерлерге сырттан импортталған тауарларды саудалағаннан бөлек, отандық өнімдерді сапалы өндіру, даму үстінде. Күнделікті тауарларымыздың көпшілігі «Қазақстанда жасалған» сертификаттарымен



шығады. Шағын бизнестің біз білмейтін қырларын менгеріп жатқан жастарымыз кәсіпкерлікпен айналысуға бет бұруда. Бұдан байқағанымыз ірі кәсіпкерлердің әлемдік саудаға дайын өнімдерімен шығатын күні алыс емес. «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамыту бағдарламасы аясында қол жеткізген бастама қоғамның дамуына пайдасын тигізуде. Шағын бизнестің өзі қазір түрлі салаларда жанаша кіріс әкеліп, аймақтық картада үлкен сауда желісіне айналууда. Мәселен, «Doing Business» өкілдері шетелдік брендтегі тауарларды елімізде өндіру ісін қолға алуда. Еліміз аумағында индустриялық аймақтар бой көтеріп, түрлі салалар бойынша өнім өндіруге бет бұрған. Кәсіпкерлікті бастаған әрбір азамат ел дамуында әлем көшінің жетекшісі болуға бет бұрды.

Юлия ТИМОФЕЕВА,
Алматы қалалық әділет
департаменті Әуезов ауданы
бойынша аумақтық бөлімі
филиалының сот орындаушысы

TIRSHILIK



5

E-mail: jas_qazaq@mail.ruwww.jasqazaq.kz

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Баспанасы барлар да үмітті



Алдағы уақытта баспанасы бар азаматтар да «7-20-25» бағдарламасына қатыса алады.

Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев хабарлады. Оның айтуынша, бұған дейін бағдарламаға қатысу талаптарының бірі — меншік құқығында баспанасы болмауы міндетті болған. Ал тұрғын-үй мәселесін жақсартқысы келетін азаматтардың талабы ескерілмеген. Осыған орай Ұлттық банк төрағасы: «Азаматтардың меншікті баспанасы бола тұра, қосымша баспана талап ететін көптеген жағдай бар. Бұл тұрғын үй талаптарын жақсартатын көпбалалы отбасылар, балаларына баспана сатып алатын ата-аналар, басқа географиялық өңірге көшетін азаматтар болуы мүмкін. Халықтың қажеттілігін назарға ала отырып, Ұлттық банк Үкіметке бағдарламаға меншік құқығында баспанасы бар азаматтарға қатысу мүмкіндігін зерделеуді ұсынады», — деді.

Қарыз кешірілуі мүмкін



Ипотека — жұрттың жанына батқан маңызды мәселенің бірі. Осыған байланысты құзырлы орындар мен банктер түйінді шешудің жолын қарастыра бастады.

Осы аптада Ұлттық банк жанындағы жұмыс тобының отырысында төрт санаттағы борышкерлердің — әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған азаматтардың қордаланған ипотекалық қарызы кешірілуі мүмкін екендігі айтылды. Егер арнайы бағдарлама қабылданса, 4 категориядағы адамдардың берешегі қайта қаралады. Бұл бастаманы Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктер де қолдайды.

«Ел бірлігі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Шолпан Ризабекова бастаманың көптен бері көтеріліп келе жатқанын айтады. Қарызын төлей алмайтындай жағдайдағы 1, 2 топ мүгедектері, толық отбасы емес азаматтар. Соғыс ардагерлері мен зейнеткерлердің мәселесі осы тәсіл арқылы шешілмекші.

Әуежайлар қадағалануда



Еліміздегі әуежайларда Грузиядан келген азаматтардың денсаулығы жіті тексерілуде. Өйткені бұл елде доңыз тұмауы өршіп тұр. Қауіпті кеселден көз жұмғандар саны да күн сайын артып барады. Бұл туралы ktk.kz телеарнасы хабарлады.

Осыған байланысты түсініктеме берген ДСМ-і Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің бөлім басшысы Дария Әзімбаева: «Грузияда H1N1 тұмауының тіркелуіне байланысты санитарлық карантиндік пункттер күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. 1 қаңтардан бері 2 жарым мыңнан астам адам Грузиядан келді. Олардың ішінде температурасы жоғары немесе ауру адамдар анықталған жоқ. Астана, Алматы, Ақтаудан Грузияға тікелей рейс бар. Сондықтан, мамандар осы қалалардағы халықаралық әуежайларды қатан бақылауда ұстап отыр», — деді.

Грузияда соңғы бір аптада 9 мың адам «доңыз тұмауына» шалдыққан. 40 науқастың жағдайы өте нашар. 19 азамат көз жұмған.

Осы ғой енді...

Діни ұйымдардың, қоғамдық бірлестік өкілдерінің өз бетінше, құзырлы орындардың рұқсатынсыз білім ордаларына бас сұғуына болмайды. Әсіресе діни кітаптар мен кітапшалар таратуға қатаң тыйым салынған. Алайда осы ескертудің кейде ескерусіз қалатыны өкінішті. Мәселен «Гүластан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Гәзел Құлжабаева Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Қырбалтабай ауылында тұратын таныстарының үйіне қыдырып барғанда балалардың қолынан Библия кітабын көріпті. Інжілдің бұл шаңыраққа қалай келгенін сұрағанда, бір діни ұйымның Жаңа жыл қарсаңында Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернат балаларына берген сыйлығы екенін естіпті. Осы

ИНТЕРНАТТА ҚАЙДАН ЖҮР?



оқиғаға қатысты қоғам белсендісі ұйымдастырған баспасөз мәліхатына «Қазақ-герман-американдық библия миссиясы» қоғамдық бірлестігінің президенті Алексей Лубошников та көмекшілерімен бірге келді.

Алексей Лубошниковтың айтуынша, 1997 жылдан бері білім ордасына көмектесіп, интернаттың жыртығын жамауға септігін тигізіп келеді екен. Ал Жаңа жыл алдында мектеп-интернаттағы 120 балаға сыйлық үлестіріпті. Ішінде бір шұлық пен Інжіл кітабы бар қалташаны балалар алған. Әрине, оны оқуға ұл-қыздардың өресі жетпейтін болар, бірақ қосымша берілген суретті кітапшаларды оқитыны анық. Бұл туралы Гәзел Құлжабаева былай дейді: «Мектепте Библияны таратуға бола ма? Облыстық, аудандық әкімдіктердің басқарма басшылары да болған оқиға төңірегінде ештеңе білмейтін секілді. Қазақ тіліндегі Інжілді былтыр да таратыпты. Осы мәселенің мән-жайын білу үшін мектепке арнайы бардым. Балалармен гүл өсіру туралы әңгімелесіп, кітапшалар сыйладым. Бұған дейін кандай кітап сыйлыққа алғанын сұрадым. Олар «Библия» деп шу ете қалды. Таным-түсінігі қалыптаспаған балаларға осылай жасауға бола ма? Меніңше, дұрыс емес. Ұл-қыздар бұл интернатта амалсыз оқиды. Басқа жерде білім алатын мүмкіндіктері жоқ. Ата-аналары алыста.

Мен барғаннан кейін ұстаздар «ондай кітап алмадық, діни концерт болған жоқ» деген сынайда ата-аналардың әрқайсысынан қолхат жаздырып алған. Ашығын айтуға балаларының болашағы үшін алаңдайды. Егер шұлық таратқан соң, оны тоқуды үйретіп жатса, бір жөн. Керек дүниеге баулысак, оны қуана құптауға болады. Ал қазақ балаларына Библияны тарату дұрыс па? Ана ретінде бұл мәселеге бейжай қарай алмадым».

Естуімізше, мектеп директоры мен интернат менгерушісі қызметінен шеттетіліпті. Арнайы комиссия құрылған. Білім

ордасына хабарласқанымызда директордың міндетін атқарушы Самал Өскенбаева: «Бүгін ғана директордың міндетін атқарушы ретінде қызметке кірістім. Ол жайлы мен білмеймін. Жаңағы мәселеге жауап бере алмаймын», — деп қысқа қайырды.

Қоғамдық бірлестік өкілдері еркін кіріп жүрген мектепке Гәзәл Құлжабаева әзер бас сұққанын айтады. Ол көргені мен естігенін телефон камерасына түсіріп алған. Қарадомалақтардың сыйлыққа Библияны алғандарын айтқан жазбалары өзінде сақтаулы екен.

«Қазақ-герман-американдық библия миссиясы» қоғамдық бірлестігі елімізде занды түрде тіркелген. Жалпы, мектепте діни әдебиет тарату заңға

қайшы. Осы оқиғаға байланысты «Зан» газетінің тілшілеріне түсініктеме берген Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Айбек Бибаев: «Мемлекеттік білім беру ұйымдарында діни кітапты насихаттауға мүлде болмайды. Ол

біздің ауданда болуы, тіпті мүмкін емес. Егер мұндай жағдай орын алған болса, үлкен жұмыстар жүргізіледі. Комиссия тексеріс жасап, анық-қанығын анықтап, мектеп басшылығына қатаң шара қолданылады», — дейді. Ал аудандық білім бөлімінің басшысы Әсел Маратқызы аталған мектеп-интернатқа «Қазақ-герман-американдық библия миссиясы» қоғамдық бірлестігі 1997 жылдан бері демеушілік жасап келе жатқанын растаған. Осы жолы қоғамдық бірлестіктің президенті Алексей Лубошников: «Библияның» қалай таратылғанын өзі де түсіндіріп бере алмады. Ол баспасөз мәслихатында: «Мәселені жақсы түсінеміз. Біз тек мәдени-ағарту, қайырымдылық жұмыстарымен айналысамыз. Әлдекімдердің намысына тидік деп ойламаймыз. Балалар есейе келе өз тандауын жасайды. Біздің үмітіміз — бірлікте өмір сүру. Библия — адамзат құндылықтарының бірі. Құран да сондай... Біз ол мектепке неге бардық? 22 жыл бұрын сол жерде тұрмыстық тауқыметін байқадық. Содан бері көмек көрсетіп келеміз. Діни емес, әлеуметтік көмек көрсеттік. Шара барысында діни кітап тарату қарастырылмаған еді. Мен заңға бағынатын адаммын. Өкінішке қарай, сол күні мен де, директор да сол жерге бармаған едік. Сыйлықтарымыз балаларға ұнапты. Әрине, кітаптың бізге тиесілі екенін мойындаймыз. Бірақ ешқашан таратқан емеспіз. Библия орыс тілінде, сондықтан оны балалар оқымауы да мүмкін», — деді.

Иә, балалар оқымауы мүмкін.

Бірақ оның оқушылар қолына қалай тигені түсініксіз күйінде қалып тұр.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Мәселе

ШЫНЫҚҚАН БАЛА ШЫМЫР КЕЛЕДІ

Қыс ортасында зәуі бір себеппен елге жол түскен. Соғымдарын әлі жығып алмапты. Әншейінде қараптан-қарап таусылып отыратын «кризис жеңемнің» алақаны ашылғаны. Кіші ұлын «бордақылауда тұрған тоқтыны жық» деп жұмсап жіберді. Ауылдың амандығын екеуара әңгімемізге тақырып қылып сүт пісірімдей уақыт отырдық. Тоқты союға кеткен томардай ұлдан тіс жарған хабар жоқ. Әлден уақытта далаға шықтық. Босағада бүк түсіп жатыр екен. Істің мән-жайын кейін естідік. Алты ай бордақыда тұрған, еріккен қошқар шарбақтың ішіне кірген біздің ұлды шаңырақтай мүйізімен қақырата періп өткен ғой, мүйізі бар болғыр әлгі бір жанды жерінен тимей ме? Пышағын жалаңдатып барған біздің бала талып қалыпты.

— Женгей, осы тоқтыңыз бар болсын, кейін бір реті келер, — дедік.

Қаспшы баланың қарекетін айтып, бетіне салық қылмайық деп үндемедік. Әлгі баланың әлжуаздығынан ажалы анық келіп тұрған қошқар аман қалды. Кейін қайтып келе жатып, қазіргі жастардың шұрқұрай кісінеген тай түгілі, тоқтыға шамасы жетпейтіні несі екен деп ойладық Сөйтсек, мәселенің мәнісі — сәмбі талдай солқылдап өсіп келе жатқан жастардың боркеміктігінде, шынықпауында. Әке-шешесі үстінен

ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТТЫҚ МӘСЕЛЕ

құс ұшырмайды. Біздің кезімізде кенже ұл тәрізді тоғызыншы сыныптың оқушылары ала жаздай шөп шауып, отын кесетін. Күздің күні қайыңның безіндей болып шынығушы еді. Ол кезде жас біткен кара жұмыспен, енбекпен шынығатын. Қазір ол да жоқ. Ендігісі — дене тәрбиесі пәні. Бірақ оның да өз деңгейінде өтуі — өте сирек.

Жеткіншектің жетілуіне мектептегі дене шынықтыру пәні сеп. Біздің ауылда спорт залы ғұмыры болған емес. Бала кезімізде дене шынықтыру пәнінен кез келген сабағы аз мұғалім бере беретін. Түк те қиындығы жоқ, бір допты ортаға тастай салады. Сабақ біткенше соны қуалаймыз. Сонымен тәмам. Өзгерген шығар деп едік, сөйтсек, бәз-баяғы қалпында екен. Мәселен, Ақмола облысында 560 білім ошағы болса, соның 69-ында спорт залы жоқ. Оның ішінде Зеренді ауданының 63 білім ошағының 11-і спорт залға зәру. Жалғыз ол аудан ғана емес, Целиноград ауданының — 9, Астрахан ауданының — 8, Қорғалжын ауданының 7 және Біржан сал ауданының 7 мектебі спорт залсыз. Күз бен көктемде әупірімдеп лаждар-ау, ал Сарыарқаның сақылдаған алты ай қысында бұл мектептің оқушылары аталған пәнді жылы жауып қояды-ау.

Барларының да бағы жанып тұрғаны шамалы. Олай айтуымыздың себебі, жалпы білім беретін мектептердің спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі деңгейі өте төмен. Мәселен, Ерейментау ауданы мектептерінің спорт залдары — 28,2, Атбасар ауданы мектептерінің спорт залдары 23,3 пайыз қамтамасыз етілсе, қияндағы Жарқайың ауданындағы білім ошақтарының спорт залдары 41,4 пайыз ғана жабдықталған. Оны айтасыз, облыс орталығындағы мектептердің де бұл тарапта бағы жанып тұрған жоқ. Пікірімізді нақты дерекпен нықтайтын болсақ, қала мектептерінің спорт залдары 42,3 пайыз ғана қажетті спорт құралдарымен қамтамасыз етілген.

Жыл сайын әскер қатарына шақырылған жастардың жарым-жартысы Отан алдындағы борышын өтеуге жарамсыз болып жататындығы ашы шындық. Енді осы кемістіктің түп-тамырын қазбалап, індететін болсаныз, бір себебі осы тақырыпқа келіп тіреледі. Ал оның арғы жағында мектеп оқушысын спортпен достастыру, салауатты өмір салтына баулу деітуғын мәселелер жатыр. Ойлап қарасаныз, спорт залы жоқ мектептерде түрлі спорт үйірмесін ұйымдастыру туралы мәселе көтеруге бола ма? Әрине, жоқ. Мектеп оқушылары арасында адам ағзасының әрқилы ауруға шалдығуының да, яки, балалардың иммундық қасиеттерінің төмендігін де осы арадан іздеуіміз керек шығар. Әйтеуір, бір дәтке қуаты қалр жеткілікті екен. Облыс мектептерінде жоғары және орта арнаулы білімсіз сабақ беріп жүрген бірде-бір мұғалім жоқ. Бірақ олардың қолын байлап отырған жайт жоғарыда біз айтқан спорт залдары мен арнайы құралдардың жоқтығы.

— Небір талантты балалар шалғайдағы шағын ауылдарда, — дейді жаттықтырушы Абзал Балтақескенов. — Тек солар дәл уақытында спортпен айналыса алмай жатыр. Мүмкіндігі молдау облыс орталығы да колледж бен жоғары оқу орнына түскен кезде спортпен шындап айналысуға кеш болып жатады. Сондықтан, алдымен шалғайдағы ауылдардағы білім ошақтарының осы пәнге айрықша көңіл аударуы керек болып тұр.

Спортта бағын байлау өз алдына, күні ертең ел қорғайтын ерлердің қарапайым енбек етуге деген қабілетінің өзі де жастайынан қыранның балапанындай баулуында емес пе? Кез келген енбекке қабілетті болуы үшін де мектеп жасындағы жасөспірім қабырғасы катып, буыны бекір сәтте спортпен айналысуы керек.

Қолы бос бала жат әдетке де үйір. Ауыл үйдің қотанында сабақтан бос кезінде саландап бос жүру жақсылыққа апармайтыны белгілі. Біз осы олқылықтың бетін ғана қалқыдық. Індетін іздегенге дене шынықтыру пәнінің талапқа сай өткізілмеуінің кесірі ұшан-теніз. Сондықтан, осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаевтың бастамаларына орай жауапкершілік жүгін жете түсініп, бір амалын табу керек тәрізді.

АРАЛАС МЕКТЕП АБЫРОЙ ӘПЕРМЕЙДІ

Облыс орталығындағы 24 мектептің үшеуі ғана қазақ мектебі. Білімнің кара шаңырағы саналатын — Мәлік Ғабдуллин атындағы №3 мектеп-гимназия, Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицей және облыс орталығының құрамына кіретін Краснояр селосындағы №3 мектеп-гимназиясы. Қалғаны аралас мектептер. Сөз арасында облыс орталығында 23 мыңға таяу оқушы барын айта кетелік. Осы жеткіншектердің жартысына жуығы қазақ сыныптарында оқиды. Қазақ сыныбы дегенде — аралас мектеп. Аралас мектепте тіл менгеру деңгейі қаншалықты екендігін өзге жұрт білмесе де, көкшетаулықтар жақсы біледі. Жауырды жаба тоқудың қаншалықты қажеті бар. Төтесінен қиялай тартсақ, аралас мектептің қазақ сыныбында оқитын оқушылары басым көпшілігі үзілісте, сабақтан тыс уақытында қалпымен орыс тілінде сөйлейді. Тіпті қазақша оқып жүрсе де тілі жаңа шығып келе жатқан сәбидің тіліндей.

Бүгінде мәселе толық шешілді дей алмасак керек. Мына бір деректерге ой көзімен қарап, назар аударыңызшы. Бүгінгі таңда Ақмола облысындағы білім ошақтарында 15 мыннан астам қазақ балалары орыс тілінде білім алуда. Осыдан 6-7 жыл бұрын мұндай оқушылардың саны 20 мыннан көп болатын. Қазір

қайта жыл сайын ептеп азайып келеді. Бір дәтке қуаты, өзге ұлт өкілдерінің 726 баласы қазақ тілінде оқиды. Бүгінгі жағдай кешегі кеңес заманындағыдай емес қой. Ана тілінде жоғары білім алуға толық мүмкіндік бар. Іс қағаздары біртіндеп жергілікті ұлт тіліне көшіп келеді. Қайта керісінше кез келген сала дәл қазір жергілікті ұлт тілін жетік білетін мамандарға зәру. Ендеше, неге өз тілімізден өзіміз безінеміз. Бәлкім, мұның барлығы кешегі кеңес заманынан қалған, санамызға өшпестей орныққан, бапталаса бұзылмайтын дағды, қорқыныштын сарқыншағы, әлдеқалай болар екен деген босан болжамның бейнесі.

Осы мәселеге қатысты енбек ардагері, Көкшетау қаласының құрметті азаматы Болат Көшімбаевтың пікірін сұралық: *«Кеңес заманында мектепке дейінгі мекемелердің де жағдайы сын көтермейтін. Облыс орталығында жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін бірде-бір балабақша болған жоқ. Жаста берген тәрбие жас қайыңды игенмен бірдей екендігін санамызбен салмақтап, жүрегімізбен түйсінгенімізбен қолдан келер дәрмен аз. «Әсел» балабақшасын ашу кезінде ұлтжанды азаматтардың ересен қажыр-қайраты қажет болды. Менің ойымша, аралас балабақшаларда ұлттық тәлім-тәрбие беру, ана тілін оқытып, үйрету қисынсыз шаруа. Екі топ араласпай тұра ма. Сондай сәттерде негізінен, балалар орыс тілінде сөйлеуге бейім. Демек, аты ұлттық болғанымен, мазмұны өзгеше қойыртпақ топ болып шығады».*

Қазір біртіндеп жергілікті ұлт тілінде тәлім-тәрбие беретін балабақшалар көбейіп келеді. Мұның өзі жаңға — медет, дәтке — қуат. Түптің түбінде қажажу көрген, адам айтқисыз бейнетті басынан өткерген, өшіп бара жатып жанған, сарқылып бара жатып толған қазақ тілінің қабағына қуаныш ұялайтын күн алыс емес.

Енді аралас мектептерден біртіндеп күртілген жөн. Көкшетауда бір-бірімен жап-жақын тұрған бірнеше мектеп бар. Мәселен, Жұмағали Саин көшесінің бойындағы №11,13 орта мектептердің арасы жүз-ақ қадам жер. Бір-біріне тиіп тұр десе де болғандай. Осы мектептердің біреуін таза қазақ мектебіне ауыстыруға әбден болмай ма?! Бұл жерде өзге ұлт өкілдерінің мүддесіне ешқандай кесірі тимес еді. Еесіне, тағы бір ұлттық мектепке ие болып, жас ұрпақ қазақылана түсер еді. Капчевич көшесіндегі №5 және №6 орта мектеп те аралас мектептер. Осы мектептердің біреуін жергілікті ұлт тілінде білім беретін мектепке айналдырудың қаншалықты қиындығы бар. Өне бір кезде №11 орта мектепті жергілікті ұлт тілінде білім беретін мектепке айналырамыз деген кезде, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер жоқ деген қисынсыз сылтау айтқан. Бұл сыныққа сылтау іздеу, әйтпесе, облыс орталығындағы бірнеше жоғары оқу орындары әр жыл сайын жүздеген мұғалімдер дайындап жатыр емес пе? Олардың ішінде жұмыс таба алмай жүргендері де толып жатыр.

— Үш балам аралас мектепте оқиды, — дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Есенбай Қонысбаев. — Үйде өз тілімізде сөйлесе алмайтын болдық. Қазақ тілін білсін деп қазақ сыныбына беріп едік, аралас мектептің әсерінен балаларымыз орыс тіліне жақындау боп кетті. Айтып та жатырмыз, ұрысып та жатырмыз. Бірақ нәтиже шамалы.

Байкен КӨБЕЕВ,

Ақмола облысы



Сәті түскен сұхбат

Қазіргі уақытта «Алтын адам» табылыпты» деген жаңалықты құлағымыз шалса, оған аса таң қалмайтын жағдайға жеттік. Оның үстіне, көне замандарда көміліп, талай ғасыр жер астында сақталып келген алтын-өшекей бұйымдардың бүгінде қолды болып, тоңалып жатқаны туралы жайт та естіген құлаққа үйреншікті хабар болып барады. Неліктен? Бұл жаңа технология дамуының әсері ме, әлде тарихи құндылықтарымыздан қадір кеткені ме? Осындай сауалдар тарих ғылымдарының докторы, танымал археолог Зейнолла Самашевпен өңгімелесуге түрткі болды.

Jas qazaq: Зейнолла Самашұлы, соңғы уақытта көне обаларды тонаушылардың көбейіп кеткені туралы баспасөз беттерінде жазылып та, айтылып та жүр. Жалпы, тарихи қорғандар қазіргі таңда қаншалықты қорғалып жатыр?

З.Самашев: Қазақ даласында археологиялық ескерткіш көп. Оның ішінде қола дәуіріне жататын обалардан бастап, тұрақтар, қоныстар, бекіністер, жартас суреттері, тау-кен орындары, шахта, қалалар т.б. бар. Қазіргі таңда соларды түгендеп, сақтап қалу, қорғау — қоғамдағы өзекті мәселе. Өйткені, жер байлығын игеру, жол салу, әртүрлі құрылыс тұрғызумен қатар, неше түрлі басқа да жер қазушылар көбейді. Бұл жағдай жер астында және жер үстінде орналасқан тарихи-археологиялық ескерткіштерге кері әсерін тигізеді. Ондай орындарды қорғаудың заңды жүйесі болғанымен, кей жерде ескерткіштер қараусыз қалады. Содан соң, кейбірінші орналасқан жері жеке тұлғалардың қолына өтіп кеткен.

«ҚАРА АРХЕОЛОГИЯНЫҢ» ҚАСІРЕТІ

Немесе ҚОРҒАН ТОНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ

Жол немесе басқа да құрылыс жүргізетін отандық яки шетелдік компаниялар өздерінің жұмысын тоқтатпас үшін заңды орындамай, көбінесе тиесілі органдар, яғни ескерткіштерді қорғау инспекцияларымен жұмыс істемейді. Уақыттың созығысы келмейді. Соның кесірінен қорғандар және басқа да тарихи ескерткіштер бүлінуде. Негізі, заң бойынша әрі логикаға сүйенсек, сондай жерге қандайда бір құрылыс жүргізу үшін алдымен археологтар рұқсат қағаз жазып беруі керек. Бірақ іс жүзінде бұлай бола бермейді. Жалпы, ескерткіштерді қорғау туралы заң алғаш рет 1992 жылы қабылданған. Одан бері оған талай өзгеріс енгізілді. Соңғы өзгеріс жақында, жазға қарай қабылдануы тиіс. Қазір ол әлі талқылану үстінде. Заң жобасын талқылауға әртүрлі мамандар атсалысты. Біз де қатыстық. Дегенмен ескерткіштерді қорғау жағынан әрқез, заман талабына сай мәселелер туындап та, шешіліп те жатады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта сақтар заманының қорғандарын тонаушылар да көбейіп кетті. Ол «қара археология» деп аталады. Бұл құбылыс 1990-жылдардағы аумалы-төкпелі кезеңде, жұмыссыздық белең алған уақытта Ресейде, Қытайда, Қырғызстанда және басқа алыс-жақын елдерде басталды. Сөйтіп, қорғандарды тонауды күнкөріске айналдырды. Олардың арасында көрші елдерден келген келімсектер де бар. Осыны әдетке айналдырғандар бұл әрекеттерін әлі күнге жалғастырып келеді. «Қара археологиямен» айналысатындардың қолында жердің астында құнды бұйымның бар-жоғын сканерлеп анықтайтын, металл іздегіш небір заманауи құрал-саймандары бар. Ондай құралдар біздің мамандарда да жоқ шығар.

Кен даланың бәрін күзетіп жүрген ешкім жоқ. Мысалы, Елеке сазы, Тарбағатай жақты алатын болсақ, қойшылар қысқа қарай малын айдап кеткен кезде трактор немесе басқа да ауыр техникаларды әкеліп тұрып, ескерткіштердегі өшекейлерді қазып әкетеді екен. Бірақ солардың біреуінің қолына кісен салынып, сотталғанын көргеніміз жоқ. Бұрын да, қазір де солай. Өйткені олардың прокуратура, ішкі істер органдары сияқты барлық күш құрылымдарында өз адамы бар. Соларға тиісті мөлшердегі еншілерін бөліп береді де, есесіне, ешкімнен қауіп болмайды деген ой келеді. Мәселенің түбі сонда.

Jas qazaq: Жалпы, қорғандарды археологиялық қазба жұмыстары қаншалықты қажет? Обаларды қазған дұрыс па?

З.Самашев: Егер бір жерде жер сілкінесе немесе бір кісі өз-өзіне қол жұмсап, көз жұмса, соған сол жердегі қабірді қазып жатқандарға кінә артатын мәселе бар. Бірақ ол — әлеуметтік мәселе. Оны ғылыми-зерттеулермен шатастыруға болмайды. Содан соң сонау Америкада топан су қаптаса, оған мына жактағы қорғанды қазып жатқан біздің археологтар кінәлі емес. Ол — табиғаттың құбылысы.

Көне замандарда өмір сүрген адамдардың сүйегі табылса, кейбір атакқұмарлар олардың сүйегін қайта жерлеуге тырысып, оны мұсылманша қойып, мал сойып, құран бағыштап жатады. Бірақ біздің заманымызға дейінгі 2800 жыл бұрын қайдағы мұсылмандық?

Сондықтан осының бәрін ажыратып алу керек. Көп адамдар өзін көрсету үшін осындай нәрселерді пайдаланады. Жалпы, мұсылмандық қазақ даласына VIII ғасырдан бастап келе бастады. Одан кейін жүздеген жылдар өтіп барып, мұсылмандық қазақ даласына бекіді. Ал мұсылман дәстүрінде моланы қазуға болмайды және қайтқан адамды қабірге ат өзгелдерімен, қару-жарағымен, өшекей бұйымдарымен қоймайды. Біз жазба дәуіріне дейінгі ескерткіштерді зерттеп, тарихымыздың белгісіз ақтандақ жактарың тек қана ата-бабаларымыздан қалған материалдық ескерткіштер негізінде ғана қалпына келтіре аламыз. Дегенмен, мәселенің екінші жағы да бар. Археологиялық қазба жұмыстары белгілі бір жүйемен, жоспарлы түрде және ғылыми қажеттіктерге сәйкес жүргізіліп, зерттелген ескерткіш толық қалпына келтіріліп, олар ашық аспан астындағы музейлерге айлануы керек. Сонымен бірге табылған адам сүйектері, барлық жәдігерлер өте мұқият тиесілі орындарда және қорларда сақталуы қажет. Осы мәселеде әлі де болса кемшілік бар.

Қазір біз Ботайдың осыдан 6 мың жыл бұрын, сақтардың 2,5 мың жыл бұрын өмір сүргенін, яғни көне тарихымызды жақсы білеміз. Біз қазір «ата-бабаларымыз атқа міну мәдениетін, шалбарды, ертоқымды, үзенгіні ойлап тапқан» деп тарихымызбен мақтанамыз. Бірақ мұндай мәліметті қайдан алдық? Егер археологиялық ескерткіштерді, соның ішінде қорғандарды қазбасак... Осы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ғана тас дәуірінен бергі көне тарихымыз туралы біле аламыз. Сондықтан обаларды, қорғандарды қазу біздің тарихымызды қалпына келтіру үшін қажет. Бірақ жоғарыда айтылғандай, қазудың да жөні бар, оны жақсылап ойла сақтау керек.

Қазақтың діни танымы, дәстүрі мен мәдениеті қайдан шыққанын гректердің, парсы, қытай деректеріне қарап, толық айта алмайтынымыз белгілі. Тарихты түгендеу үшін осындай қазба жұмыстарын белгілі бір жүйемен жүргізу қажет.

Jas qazaq: Сонда қазба жұмыстарын қалай жүргізген дұрыс?

З.Самашев: Ол да — үлкен мәселе. Егер күрегіш техникалармен қазсаңыз, ескерткіш бүлінеді. Сондықтан оны тек қолмен қазу қажет. Содан кейін қазылған орынды қалыпқа келтіріп, ол жерді музей жасап, сол маңдағы елді мекеннің туризмін дамыту жұмысын, жоғарыда айтылғандай, жүргізу керек. Жарайды, қаздық делік, бірақ «Алтын адам» іздеп, барлық жердегі қорғандарды қаза беру дұрыс емес. Егер сақтар тарихының кейбір мәселелері туралы біліміміз жеткіліксіз болса, осы тақырыпқа сәйкес қазуды жалғастыру қажет. Ал егер бәрі белгілі болса, қазудың қажеті жоқ. Содан соң бізден кейінгі буынның, яғни қазіргі жас ғалымдардың қазу әдісі де, техникасы да басқаша болады. Қазіргі қазба жұмысы барысында, тіпті көмүлі жәдігерлерді жер астында қанша метрде екеніне дейін сканерлеп жатады. Бірақ ол әлі де нақты көрінбейді. Мүмкін оны біраз жылдан кейін нақты анықтауға болатын шығар. Ол — заңдылық. Мысалы, 2000 жылдардың басындағы қазба жұмысының тәсілін сонау 1940-50 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстарының методикасымен салыстыруға келмейді. Олар басқаша қазған. Шынын айтқанда, бізге қарағанда олардың қазғаны нашарлау болған. Көп ақпарат жоғалып кеткен. Біз басқаша қаздық. Бірақ біз де төрт аяғымызды тең басып тұрдық деп айтуға болмайды. Ал алдағы 40-50 жылдан кейін мүлде басқаша тәсіл шығады. Шетінен қаза бермей, оларға да қалдыруымыз керек. Қажеттілікке байланысты қазған жөн. Жалпы, қазба жұмыстары кезінде тағы да басқа мәселелер туындайды. Реставраторлар аз, консервация деген атымен жоқ. Жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жүргізетін археолог мамандар жетіспейді. Болса да, мамандардың көбінің біліктілігі әлі де төмендеу сияқты. Қорғаннан шыққан дүниелер ежелгі қоғамдарда өмір сүрген адамдардың діни, жерлеу рәсімін, дүниетанымын қалпына келтіреді.

Jas qazaq: Сақ қорғандары, түрік қорғандары болсын, ата-бабаларымыз бен қазіргі жерлеу рәсімі, жерлеу мәдениетінде қандай ұқсастық немесе айырмашылық бар?

З.Самашев: Айырмашылық бар. Дегенмен қайтыс болғандарды ру-румен қоятын үрдіс қазақтарда әлі де сақталған ғой. Ал сақтарда бір-бірін жалғап қойған. Одан бұрынғы қола дәуіріндегілер ру басшысының шет-шетіне айналдыра қойған. Ата-баба рухына табыну деген бізде сонау тас дәуірінің аяғында, қола дәуірінде қалыптасқан. Қазіргілер ата-бабаларының қасына апарып қойғысы келеді. Мұндай үрдіс ертеден, босыдан мыңдаған жыл бұрын қалыптасқан. Бұл тарихи сабақтастықты көрсетеді.

Қазір біз таза мұсылманша жерлейміз. Сүйекпен бірге зат немесе басқа ештеңе қоймаймыз. Бұрын қайтқан адам одан әрі де өмір сүреді деп, қару-жарағымен, тамағымен бірге қойған. Мұсылманда да «о дүниеде өмір бар» деген ұғым бар. Бірақ сонда да олар киімсіз жерлейді. Содан кейін бізде басын құбылаға қаратып қояды. Орыстар сияқты ағаш табытқа салмайды. Ал қабаттап жерлеу қола дәуірінен бар. Адамның ой-өрісіне, діни нанымына байланысты. Бірақ онда да топырақты қалай

болса, солай үймеген. Барлығын рет-ретімен орналастырған. Бұрындары аяқ-қолын байлап, тігінен қоятындары да болған. Бұл әр қоғамның, әр халықтың өзінің тарихи дәстүріне байланысты.

Jas qazaq: Жалпы, қорғандар мәдениеті адамзат тарихында қашан пайда болған?

З.Самашев: Қорғандар мәдениеті адамзат тарихында Еуразия кеңістігі бойынша тас дәуірінің аяғында, кенінен энеолит заманында пайда болған. Сақтардың заманында үлкен патшалық қорғандар болды. Одан кейін біздің заманымызға дейінгі III ғасырдың басында, әсіресе көне түркі заманында патшалық қорғандар жойылып, жерлеудің екі түрі пайда бола бастады. Жерлегені де, өртегені де бар. Өртеу қола дәуірінде де болған. Сақтарда ғана өртеу болмаған. Сақтардан кейін көне түріктерде өртеу қайтадан шыға бастаған. VIII-XI ғасырларда да өртеу рәсімі болды. Мысалы, Орхондағы Тоныкөк, Күлтегін, Білге қағандардың орындары — жерлеу нысаналары емес, мемориалды кешендер. Оларды жерлемеген. Адам мәйітін басқа жерде өртеп, күлін көмген, кейде жанына заттарын да қойған.

Jas qazaq: «Алтын адамның» қадірі кетіп бара жатыр» деген сөз қаншалықты шындыққа жанасады?

З.Самашев: «Алтын адам» деген сөзді қолданысқа енгізгендер — журналистер. Шын мәнінде, «Алтын адам» деген болмайды. «Алтын адам» деген ұғымның өзі әртүрлі мағынаны білдіреді. Мысалы, сізді біреу «жақсы адам» десе, соның синонимі ретінде «алтын адам» деп те айтуға болады. Ал «Алтын адам» деген тұтастай алтыннан құйылған мүсін сияқты болуы керек емес пе? Негізі атауы «киімі алтынмен өшекейленген адам» делінуі керек еді. Бірақ олай атаса, сөз шұбалаңқы болып

Ол бұған дейінгі табылғандардың бәрінен сан жағынан артық. Ал кәстөм жағынан Есіктегідей емес, алтын көлемі аз. Оның себебі бар екен. Киімінің бір бөлігін жыртып, тастың астына тығып қойған. Қазақта ежелден «тәбәрік» деген тұрып бар. Ол сол замандарда адам қайтқанда киімін жыртып, құрақ қылып, бір бөлігін бірге көмген. Кейіннен киімін жыртып, басқа бүтін киім беру, құрақ, орамал тарату дәстүрі түрленіп-түрленіп келген осы заманға.

Jas qazaq: Ата-бабаларымыз ұлан-ғайыр даланы қорғап, сол жерлерде мекендеген деп кеуде кереміз. Сонда бабаларымыздың атының тұяғы қай жерге дейін, қай елдерге дейін жеткен? Археологиялық қазбаларға, деректерге сүйене отырып, айтып бере аласыз ба?

З.Самашев: «Жаулаған» деген сөзді лексиконымыздан алып тастау керек. Барлық мәселенің түбіне үнілу қажет. Тәуелсіздік алған кезде бізге бір рух керек болды. Мысалы, «Біз жай халық емеспіз, біздің ата-бабадарымыз мықты болған, жауынгер халық болған. Біз әлемдік өркениет пен тарихқа өз үлесін қосқан халықтың мұрагеріміз» деген сияқты идея. Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» деген мақаласының да идеясы солай.

Қазір жаһандану үрдісі жүріп жатыр. Жаһандану кезінде белгілі бір халықтар, тіл де, мәдениет те бәрі жойылады. Мысалы, 500 жылдан кейін жер жүзі ағылшын немесе басқа бір тілде көбірек сөйлейтін болады делік. Осындай дүниеге қарсы тұрудың қандай амалы бар? Бізде жер ұлан-ғайыр, бірақ халық аз. Дегенмен біздің көне тарихымыз, мәдениетіміз жоғары. Сондықтан да біз сендермен тереземіз тең деген идея, ұран керек, солай ма? Бұл бір жағынан идеологиялық және саяси мағынасы бар.

Jas qazaq: Қазақтың тарихы нақты қай кезден басталады? «Сақ дәуірінен немесе көне түркі заманынан басталады» деген пікір айтылып жүр. Соның қайсысы шындыққа жақын?

З.Самашев: Ол осынау ғасырдан басталады деп нақты айтылмайды. Оған тарихи сабақтастық тұрғысынан қарау керек. Мысалы, XIX-XX ғасырларға дейін сақталған малшылық, табиғи ортаға бейімделу жүйесі, сол сияқты мифология, астрономия да сонау қола дәуірінде қалыптасқан. Осы қола дәуірінен басталған тарихи, мәдени процестерді тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеу керек. Сондықтан сол ерте қола дәуіріне кіріп кетуі мүмкін. Мысалы, Ботай қола дәуірінен де бұрын энеолитке жатады. Сондықтан біздің тарихымызды қола дәуірінен басталады деп айтуға болады. Бірақ сақтарды жасанды түрде таза қазақ қылып шығаруға тырысудың қажеті жоқ. Олар — біздің арғы аталарымыз. Олардың тікелей аталары қола дәуірінде өмір сүрген. Біздің бергі аталарымыз — тәңір мен көк аспанға табынған көк түріктер.

Jas qazaq: Демек, қазақтың тарихы қола дәуірінен басталады деп айтуға болады ғой?

З.Самашев: Нақты олай деп кесіп айтуға болмайды. Бірақ ата-бабаларымыздың тарихын ертеден бастаймыз. Тарихи сабақтастық тұрғысынан қарағанда, бізге жақын үдеріс сонау қола дәуірінде де болған. Елбасының мақаласында да палеометалл заманындағы металлургия, атты қолға үйрету, кейін оны мініс құралы ретінде пайдалану туралы айтылады. Ал олар — қола дәуірінен бері келе жатқан үрдіс. Бірақ «Қола дәуірінен бастап қазақ болдық» деп айтуға келмейді. Тек «біздің ата-бабаларымыздың ата-бабалары сол заманда өмір сүріп, осындай құндылықтарды жасаған. Ал біз — солардың мұрагеріміз» деп айтқанымыз дұрыс болар.

Jas qazaq: Кейде өз тарихымызға лайық болу жөнінде айтылып жатады. Лайық болу үшін не істеу керек?

З.Самашев: Кез келген қоғамда әртүрлі әлеуметтік топ болады. Мысалы, бізде қазақша білмесе де, орысша мен ағылшыншаға ағып тұрған адамдар бар. Олар бүгін Астанада тұрса, ертен Шанхайға, Нью-Йорк, Вашингтон, болмаса Женева, Лондонға барып тұра береді. Бұлар, әрине, біздің дәстүрлі қазақ қоғамымызға жақпайтын, белгілі бір деңгейде қауіп те келтіретін ат төбеліндей әлеуметтік топқа жататын сияқты. Өйткені оларға ұлт та, мемлекет те керекі жоқ. Бастысы — өздерінің жақсы өмір сүруі маңызды. «Өз тарихымызға лайық емеспіз» дегенді осындай топтағы адамдардың аузынан шығып қалуы мүмкін. Ондай топтар бұрын да болған. Өкінішке қарай, алдағы уақытта да бола береді. Бірақ негізгі бағытымыз, ниетіміз, мақсатымыз дұрыс болса, мұндайлар ешқайда кетпес, қатты нұқсан келтірмес деп ойлаймын.

Jas qazaq: Соңғы сұрақ. Бозок қаласы туралы айтыңызшы. Астана маңындағы көне қала орны болашақта қандай нысанға айналады?

З.Самашев: Үкімет қаулысымен ол мемлекеттік тарихи-мәдени, қорық-музей болды. Бұлар көрдік. Ондағы қалдықтарға қарап, XIV ғасырдағы Алтын Орда дәуірінде екеніне көз жеткіздік. Одан әрі де болуы мүмкін. Қыпшақ заманы ма, басқа ма, ол әлі белгісіз. Оны әлі де зерттеп, анықтау керек. Бозок — бір жағынан Астананың көне қала екенін көрсету үшін қажет саяси жоба. Болкім, ол да дұрыс шығар? Бастысы, біз үшін ескерткіштің сақталуы мен зерттелгені, кілең қонақтарымыз бен мамандардың оны тамашалауы маңызды.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұрәулет ҚӘКІШ,
Астана



БҮГІНГІ САТИРА



Жұмыс іздеп, сүйретіліп келе жатыр едім, аялдамада тұрған бақауатты келіншектің қалтасынан әмияны сусып түсті де, өзі автобуска мініп кетті. Арам ой алдымнан сыландап шыға келіп, әмиянға жакындадым. Еңкейіп алайын деп тұрдым да, жұрттан ұялып, етігімнің тұмсығын сипалап, қайта тұрдым. Мен білсем, мына әмиянның ішінде 500 доллар! Жок, жүз мың теңге! Өмірімде біреудің ала жібін аттамаған байғұс басым, кара терге түстім. Бір кезде айдай сұлу қақаған аяз болса да жұқа бұттанып,

мен де... Ее, олар камерадан қорқып, сөйтетін шығар? Еңкейе беріп едім, біреу аркамнан қакты. Жүрегім зу ете қалып қарасам, кластас досым ыржалақтап тұр.

- Несінші автобусты күтіп тұрсын?
- Ешқандай.
- Кеш болды ғой, неғып тұрсың қакыып?
- Жәй, әшейін.
- Бері жүрші, бір әңгіме бар.
- Жүре алмаймын.
- Өй неге?
- Сол...

Ол да менің бетімнен бірдене іздегендей болды да, автобусы келді ғой деймін, жүгіріп кетті. Күн аяз, қакидым да қалдым. Түннің бір уағы болды. Әлі тұрмын.

болды. Ешкім жоқ, әмиянды ала қояйын десем, ар-ұятым жібермей тұр! Оның үстіне төбемнен төнген камера! Камераға қарап, ыржалақтап күлдім. Басымды ізеп қойдым. Қазір... Қазір аламын да қашамын! Бір кезде полиция инспекторлары келді.

- Неғып тұрсыз? — деп сұрады бірі.
- «Ақша» деген мина басып тұрмын, жарылып кетемін бе деп қорқамын, — деп әзілдеген болдым..

Олар қакыып қалған мені сықыр-сықыр еткізіп, аялдама орындығына отырғызды. Бірі әмиянды алып, ішін ашты. Мәссаған,

— Кайдасың? — деп сұрады.

- Аялдамада «жұмыс істеп» тұрмын.
- Ол қандай жұмыс, түн ішінде?
- Білмеймін, жүз мың теңге беремін деген.

Түнгі сағат төрт

Қақидым да қалдым!

ұялы телефонымен сөйлесе жүріп, тура мен көз тігіп тұрған әмиянды сол аяғыммен баса тұрды. Саусақтарымды тістелеп, қасына жакындадым да:

— Қарындас, ары тұрыңызшы, қысылып кеттім, — дедім аялдамада тұрсам да, не айтарымыды білмей. Ол менің бетімнен бит іздегендей, тесірейе қарады. Сосын тілін шығарып, ары барып тұрды. Мәссаған, әмиян оның етігінің өкшесіне жабысып қалыпты!

— Қарындас, ары тұрыңызшы, ыстықтап кеттім! — дедім мен.

— Жындыханадан шықтыңыз ба? — деп сұрады ол. Автобусы келді ғой деймін, көзін аларта бір қарап алып, жүгіре кетті. Әмиян жатыр жерде. Аяғыммен баса қойдым. Еңкейіп алайын десем, ар-ұятым жібермей тұр. Осы жұрт ақша тауып алса болды, полицияға хабарлап, алғысын алып жатады,

Алайын десем, төбеде көше камерасы! Қарным да ашты! Жұмыс іздеп шығып едім ғой? Бір күндік жұмыс! Бала-шағам аш отырған шығар? Түн ортасынан ауды. Аялдамада қакыып, әлі тұрмын. Әйелім хабарласты ұялы телефонымен.

ішінде тас та жоқ екен! Тілдей қазақға: «Барлық елдің қазақтары, бірігіңдер!» деп жазып қойыпты. Кенес дәуірінде: «Барлық елдің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран болатын. Есім ауып, құлап түстім. Арғы жағын сұрасандарда айтпаймын!

Мұхтар ШЕРІМ

ЖАС ҚАЗАҚ ҒААБРЕҢЕСЫ

Талдықорғанда төрт әулеттің мұрасын мөпелеп сақтаған Әуесхан Мажайқызы есімді әже тұрады. Қытайдан қоныс аударған ол кісінің сақтаған мұралары көптігімен де, құндылығымен де бағалы.



Фото автордікі

Жәдігер жинайтын әже

Мұралардың ішінде осыдан үш жүз жыл бұрын аталарымыз тұтқан тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, бүгінгі күннің болашақта жәдігерге айналар асыл қазыналары толып тұр. Мәселен, қазан-ошақ, самаурын, келі-келсап, қазан, мосы, астау, тегене, қасық, шөміш, пышақ, қысқаш, тоқылған ши, аттың қылынан өрілген арқан, тағы басқа да тұрмыстық бұйымдар көздің жауын алады.



Қажет АНДАС, Алматы облысы

МҮКІС МҮЙІС



ҚАЗАҚШАЛАҒАН ТҮРІ



Сәкен ЕСІРКЕП,
Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары:

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қызметкерлері тиісті орынға барып, кемшілікті анықтады. Олардың арнайы орындармен ақылдаспай, өз беттерімен жазғандары белгілі болды. Нәтижесінде мекеме басшылығына ескерту айтылып, қателер бір аптаның ішінде түзетілетін болады.

БӘРЕКЕАДІ:



Биыл «Шымбұлақ» тау курортында отбасылық демалысты қызықты өткізуге бағытталған жаңа ойын-сауық нысандары ашылады. Бұл туралы Shymbulak Development ЖШС маркетинг бөлімінің жетекшісі Владислав Семенов хабарлады. Сондай-ақ ол Ресейден туристер тарту мақсатында Сочидегі «Роза Хутор» демалыс орнымен ынтымақтастық туралы келісімге келгендерін айтты.



Шымбұлаққа шығатындар көбейеді



Фото: Ғалия ҚАЛИЕВА

Жиын барысында шаңғышы журналист Андрей Кукушкин «Роза Хутор» демалыс орнымен келісімге келу «Шымбұлақ» тау курорты үшін сәтті бастама екенін атап өтті. Меморандум тау курортының танымалдығын арттыру, тау туризмі саласын дамыту, спортпен шұғылдану және салауатты өмір салтын насихаттауды көздейді. В.Семеновтың айтуынша, «Шымбұлақ» пен «Роза Хутордың» қонақтарына жеңілдіктер қолданылады. Мысалы, науқан шеңберінде курорттардың бірінде апталық ski-pass сатып алатын туристер осы курортта немесе оның әкімшілігі ұсынған қонақүйде тұрған жағдайда серіктес курорттан тегін бір апталық ski-pass алу құқығына ие болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2149;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 10 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.